

ЖЕҢІС-81

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ ОЙРАНЫ

КСРО мен Германия неміс фашистерінің қырғын майданына ұласқан Екінші дүниежүзілік соғыс (1939 жылы 1 қыркүйек – 1945 жыл 2 қыркүйек) – Германия, Италия, Жапония (Ось елдері) елдерінде 6 жылға созылып, әлем халқының 80%-ға жуығын қамтыды және жаңа саяси тәртіптің орнауымен аяқталды. Соғыс барлығы 40-тан астам мемлекеттің аумағын қамтыды. Негізгі ұрыс даласы болған аймақтар:

Азияда: Қытай, Мьянма (Бирма), Үндістан (Ішінара), Филиппин, Индонезия, Вьетнам, Корея және Тынық мұхитындағы көптеген аралдар.

Африкада: Мысыр, Ливия, Тунис, Эфиопия, Сомали. Соғыс барлығы 61 мемлекет қатысты (сол кездегі әлем халқының 80%-ы). Екінші дүниежүзілік соғысқа барлығы 110 миллионнан астам адам тікелей әскери қызметке тартылды. Егер соғысқа қатысқан мемлекеттердің жалпы халық санын алсақ, бұл көрсеткіш сол кездегі жер шары халқының 80%-ын (шамамен 1,7 миллиард адамды) қамтыды.

Екінші дүниежүзілік соғыстағы КСРО Қарулы күштерінің шығыны ресми деректер бойынша 8 668 400 адамды құрайды. Ал КСРО-ның жалпы адам шығыны (бейбіт тұрғындарды қоса алғанда) шамамен 26,6 миллион адам деп есептеледі. Соғыс жылдарында 4,5 миллионнан астам кеңес сарбазы тұтқынға түсіп, оның жартысына жуығы қаза тапты. Қазақстаннан майданға 1,2 миллионнан астам адам аттанды. Оның әрбір екіншісі (шамамен 600 мыңнан астам адам) соғыстан қайтпады. Кей деректерде соғысқа қатысқандардың көрсеткіші 1.5 млн-ға дейін жеткені айтылады.

Соғыста неміс басқыншыларының жеңілгенін мойындаған күн тарихи күн болып есте қалды. Аман қалған ел қуанды. Жауды жеңгендердің абыройы асқақтады. Алайда, Жеңіс күніне жету бір ғана мемлекеттің абыройы мен беделін асқақтата бастағаны соңғы кезде жеке басқа табынуды еске салатындай, әр елде қоғамдық пікір тудырып, сын садағына іліне бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Жеңіс күні екі рет – 1946 және 1947 жылдары тойланған.

Кейін Иосиф Сталин 9 мамырды ауқымды мерекелер мен әскери шерулер өткізілмейтін, қарапайым жұмыс күніне

айналдырды. Олай болса, бұл табыну қайдан шықты? Нақты қашан пайда бола бастады? Masa.media сайтының 2022 жылғы 9 мамырдағы сараптауына назар аударайық.

Жеңіс күніне табыну бұрын болды ма?

9 мамыр күні газет беттерінде соғыс туралы мақалалар, Жеңіс күнімен құттықтаулар жарияланып, кейбір жерде ғана шағын концерттер мен фильмдер көрсетілді. Кейде тіпті отшашу да болды. Бірақ соңғы жылдары біз көріп жүргендей үлкен мерекелер ұйымдастырылмаған. Соғыс аяқталғаннан кейін алғаш рет 9 мамырды ауқымды тойлау 1965 жылы Леонид Брежневтің тұсында орын алған.

Сол кездегі Қызыл алаңдағы шеру 1945 жылғы шерумен салыстырғанда ауқымдырақ болды. Алаңда әскери техника жүріп, 9 мамыр ресми мерекеге айналды. Көптеген тарихшылар дәл осы кезде «Жеңіс культі» қалыптаса бастағанын айтады. Мерекелік шараларға биліктегілер мен соғыс ардагерлері тартыла бастады. Ал партияның бұл әрекетін құптамаған ардагерлер «Кеңес одағына қарсы үгіт-насихат жүргізді» деген айыппен қамауға алынды.

Брежневтің тұсында билікті жақтайтын соғыс қаһармандарының естеліктері баспа бетінде шығарылып, соғыс туралы фильмдер түсірілді, жауынгерлердің ерліктері туралы әндер жазылды, Жеңіс күнін тойлау кейде соғысты дәріптеуге ұқсап кетті. Кремль билігі Екінші дүниежүзілік соғыстан сабақ алмаған сыңайлы, – дейді кейбір батыстық сарапшылар. Бұл соғыстағы жеңіс – мақтануға өзге себебі қалмаған елдің өзін-өзі биіктетудің жалғыз мүмкіндігі, – дейді әлеуметтанушы Лев Гудков. Сол жылдары жарияланған материалдардың мазмұнында жеңіске жетудегі басты рөл коммунистік партияға берілді. Сондай-ақ, КСРО тарапынан соғысқа қатысушы басқа елдерге менсінбеушілік, жеңімпаз ұлт культі пайда болды. Айта кетер жай, қазақтың батыр жігіттерінің ерлігі тиісті жоғары марапаттардан гөрі дәрежесі төмендеу белгілермен шектелген жағдайлар да болды. Оған мысал жетерлік. Қазіргі КСРО-ның ізбасары Ресей жеңіске жетудегі жетекші рөлді өзіне көп телиді.

Жеңіс күнін басқа елдер қалай



тойлайды?

Басқа елдерде жағдай қалай? Батыс Еуропа елдерінде 8 мамыр – «Еске алу және татуласу күні» (Day of Remembrance and Reconciliation) ретінде атап өтіледі. Бұл күні әскери шерулерге емес, соғыс құрбандарына құрмет көрсетуге басымдық беріледі.

Украинада 9 мамыр – «Екінші дүниежүзілік соғыста нацизмді жеңген күн», 8 мамыр – «Еске алу және келісім күні» ретінде аталып өтіледі. Көптеген Еуропа елдері мен АҚШ-та бұл мереке «Еске алу және келісім күні» деп аталады, әдетте ол 8 мамырда тойланады. Норвегияда бұл күн «Азаттық күні», Словакияда - «Нацизмді жеңу күні», Польшада - «Жеңіс және бостандық күні» деп аталады. Мереке күндерінің сәйкес келмеуі уақыт айырмашылығына байланысты. Фашистік Германия капитуляцияланған кезде, Еуропада 8 мамыр, 22:43 болса, Мәскеуде 9 мамыр, 00:43 болды. Онымен

келісуге де болады. Кейбір сарапшылар бұл күннің советтік немесе ресейлік «жеңіс культіне» (милитаристік насихатқа) айналып кеткенін алға тартады. Қысқасы, тұтас әлемде 9 мамыр – еске алу күні.

Қазіргі таңда Қазақстан заңнамасына сәйкес 9 мамыр – мемлекеттік мереке. Ресми билік өкілдері бұл күнді әрі Жеңіс, әрі еске алу күні деп қарастыруды ұсынады. Себебі бұл – ата-бабалардың ерлігін құрметтеудің көрінісі. Сондықтан аталған күнді дабырлатпай, дауылпаздатпай, әскери колоннаңды алаңда шерулетпей-ақ мән-мағынасымен, мазмұнды шаралармен атап өтіп, Жеңісті көре алмай кеткен боздақтарымызды еске алумен қатар, Жеңісті күндерді көрген соғыс ардагерлерін ардақтайтын күнге айналдыруымыз керек.

**Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ,
тарихшы-өлкетанушы**

БАЙҚАУ

БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕР НАЗАРЫНА!

Сіздерден Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағы жауынгерлер ерлігін газет беттерінде жариялап, ерлігін елге танытқан қазақстандық әскери тілшілер мен фото тілшілер туралы жарияланымдар күтеміз. Ізденістеріңіз «Алатау» газетінде 26 маусымға дейін жарияланады. Үздік мақалаға бас редактордың жүлдесі бар.

«ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ»



Жарияланған мақалалар ТМД елдері құрған «Отанға тарту – Подарок Родине» чатында жарияланады. Чаттың әкімшісі елімізге танылған мал ғалым-тарихшы, журналист, Қазақ Ұлттық университетінің белсенді профессоры Ләйлә Ахметова.

Байланыс телефоны: 8 776 970 0718

Э/пошта: alatau.offset@mail.ru

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА**«ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ» АТАҒЫ БЕРІЛДІ**

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін Ұлы Отан соғысына қатысушы Кенжебай Мәденұлы Мәденовке (марқұм) «Халық қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылды.

«АЙБОЗ» ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫ

«Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығына өтінім қабылдау басталды. Ұлттық әдеби сыйлық отандық қаламгерлерді қолдау және қазақ әдебиетінің дамуына ықпал ету мақсатында өткізіледі.

Биыл бесінші рет ұйымдастырылатын ұлттық сыйлыққа «Үздік проза», «Үздік поэзия», «Үздік драматургия», «Үздік әдеби аударма», «Үздік балалар әдебиеті», «Үздік әдеби сын» және «Үздік комикс» номинациялары бойынша бұрын жарияланбаған туындылар қабылданады.

Байқауға отандық жазушылар қатыса алады және үміткерлердің жас ерекшелігіне шектеу жоқ. Әдеби сыйлықтың жалпы жұлде қоры – 35 млн. теңге. Әр номинацияға 5 млн. теңгеден беріледі.

Өтінім 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін www.aiboz.kz сайты арқылы қабылданады. Ұлттық әдеби сыйлық жыл соңында табысталады. Толық ақпаратты www.aiboz.kz сайтынан немесе +7 707 333 5610 нөмірі бойынша білуге болады.

СУАРУ ЖЕЛІЛЕРІН РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ

Ақсу ауданында суару желілерін реконструкциялау жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жоба аясында 37,8 шақырым канал жаңартылып, 170 гидротехникалық нысан салу көзделген. Нәтижесінде 11 548 гектар ауыл шаруашылығы алқабына су жеткізу жақсарады, деп жоспарланып отыр. Құрылыс-монтаж жұмыстары кезең-кезеңімен сегіз каналда жүргізілуде: КРХ-1-1-1, «Ойтоған», «Қаратоған», «Алтынарық», «Сол жағалау», 1РХ, «Танеке» және ВРХ-1.

Көксу ауданында да суару жүйелерін реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жоба 15 537 гектар суармалы жерге су жеткізуді жақсартуға мүмкіндік береді. Жоба аясында 266,4 шақырым канал қайта жөнделіп, 1 099 гидротехникалық нысан салу қарастырылған. Қазіргі уақытта жұмыстар Р-1-1, «Жемет», Р-3-4, «Ақшатоған», «Нұрабай», «Орта Арық», «Мәмбет» және «Бақытжан» каналдарында жүргізіліп жатыр. Көксу ауданындағы жоба екі кезеңде жүзеге асырылуда. Бірінші кезең бойынша жұмыстарды биыл аяқтау жоспарланған.

ТҰЛПАРЛАР ДҮБІРІ

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай Талдықорған қаласында ат спортынан Жетісу облысы әкімінің кубогі сарапқа салынатын республикалық деңгейдегі үлкен дода өтеді. Еліміздің ең жүйрік сәйгүліктері мен мықты шабандоздары бас қосатын бұл бәйгеде нағыз мықтылар анықталмақ.

Жарыс бағдарламасында: Құнан бәйге – 9 шақырым (Болашақ тұлпарлардың бағы жанады); Топ бәйге – 15 шақырым (Төзімділік пен шеберлік сыны); Аламан бәйге – 25 шақырым (Нағыз хас жүйріктер айқасы).

Ата-бабалар ерлігіне тағзым етіп, ұлттық рухымызды бірге асқақтатайық. Қомақты жұлде қоры мен тартысты бәсеке сіздерді күтеді. Өтетін орны: Талдықорған қаласы, ипподром. Күні: 9 мамыр.

ҚАУІПСІЗДІК САБАҒЫ ӨТТІ

Талдықорған қаласының орталық жағажайында ашық аспан астында қауіпсіздік тақырыбындағы ауқымды іс-шара ұйымдастырылды. Оған 300-ден астам оқушы қатысып, құтқарушылардан төтенше жағдай кезінде әрекет ету жолдарын үйренді.

Шара барысында мамандар арнайы техникаларды таныстырып, алғашқы медициналық көмек көрсету, өрт кезіндегі және судағы қауіпсіздік ережелерін түсіндірді. Оқушылар өрт сөндіргішті қолдану тәсілдерін тәжірибе жүзінде көріп, құтқару жұмыстарының қыр-сырымен танысты.

Сонымен қатар, балаларға суға қатысты қауіпсіздік талаптары ескертіліп, ересектерсіз суға түспеу, белгісіз жерлерде шомылмау секілді маңызды қағидалар түсіндірілді.

Құтқарушылардың айтуынша, мұндай шаралар жасөспірімдердің қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырып, төтенше жағдайлардың алдын алуға ықпал етеді.

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының бастығы полковник А.Ташимов Жаркент орта мектебінің директоры А.Дарубаевамен «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубы аясындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Аталған құжат ескеңе ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу, әскери қызметке қызығушылықты арттыру және жастармен жүйелі жұмыс жүргізуге бағытталған.

Меморандум шеңберінде бірлескен тәрбиелік, танымдық іс-шараларды ұйымдастыру және «Жас шекарашы» клубының қызметін дамыту көзделген.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ЖАҢА МУРАЛ САЛЫНДЫ

Отан қорғаушылар күніне орай Талдықорғанда елдік рух пен ерлік ұғымын ұлықтаған «Бейбіт елдің қалқаны» атты муралдың салтанатты ашылу рәсімі өтті.



«Көктем» ықшам ауданындағы еңселі муралда баһадүр бабалардың айбыны, бүгінгі сарбаздардың келбеті мен келешек ұрпақтың жарқын бейнесі сабақтасып, халықтың азат рухы мен бейбіт күннің қадірі көрініс тапқан.

Аталмыш муралдың көркемдік тұжырымдамасы «Zhetisú jastary» КММ бастамасымен жасанды интеллект технологиясы арқылы әзірленген. За манауи цифрлық мүмкіндіктер мен ұлттық рухты сабақтастырған тың жоба үш күн ішінде жүзеге асқан.

Жобаның басты мақсаты – жастар арасында әскери-патриоттық тәрбиені нығайту, елге деңгей сүйіспеншілікті арттыру және әскери қызметтің маңызын кеңінен насихаттау. Сонымен қатар, бейбіт өмірдің қадірін ұғындырып, ел тыныштығын күзетіп тұрған азаматтардың еңбегін дәріптеу арқылы жас ұрпақтың бойында жауапкершілік пен азаматтық ұстанымды қалыптастыру көзделген.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЕЛ ҚОРҒАНЫ - ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІК СИМВОЛЫ

Талдықорған қаласында 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесіне арналған тағылымды шара өтті. «Ел намысын ер қорғайды, ер ерлігін ел қолдайды» атты мерекелік жиынға әскери қызметшілер, ардагерлер, жастар мен қала тұрғындары қатысты.

Мерекелік-шара «Жастар» спорт сарайы алаңында ұйымдастырылып, салтанатты жиынды қала әкімі Ернат Бәзіл ашып, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қарулы күштердің рөліне тоқталды. Сонымен қатар, ел тыныштығы жолында еңбек етіп жүрген бірқатар азаматтарға арнайы марапат табысталды.

Жиын барысында №18404 әскери бөлімі сарбаздары жауынгерлік қоян-қолтық ұрыс тәсілдерін көрсетіп, көпшілікке көрініс ұсынды. Әскери дайындықтың шеберлігі мен тәртіптің үлгісін танытқан сарбаздардың өнері көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Патриоттық рухты нығайту мақсатында жастарға Бауыржан Момышұлының кітаптары сыйға берілді.

Салтанатты шараның маңызды сәттерінің бірі – әскер қатарына шақырылған 30 жас сарбазды Отан алдындағы борышын өтеуге шығарып салу рәсімі болды. Жас жауынгерлерге ақ жол тілеген жұрт олардың ел қорғаны боларына сенім білдірді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

**ЖАҢА КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ**

Алакөл өңірінде жаңа кітап жарық көрді. «Өміріме ризамын» атты жинақ Алакөл ауданының Құрметті азаматы Баян Қайыпбергенқызы Рысбекованың өмір жолына арналған.

Кітапта кейіпкердің комсомол, партия, кәсіподақ және білім салаларындағы, сондай-ақ облыстық, қалалық әкімдіктердегі ұзақ жылдық қызметі кеңінен баяндалған. Жинаққа республикалық, облыстық және аудандық басылымдарда жарияланған мақалалар, сұхбаттар мен тарихи деректер де топтастырылған.

Бұл еңбек – бір адамның тағдыры арқылы тұтас бір кезеңнің тынысын танытатын, кейінгі ұрпаққа үлгі болатын тағылымды туынды. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АҚСУ АУДАНЫ**ЕСКЕРТКІШТЕР ЖАҢАРЫП, АЙНАЛАСЫ АБАТТАНДЫРЫЛДЫ**

Жеңіс күні қарсаңында Ақсу ауданында тарихи ескерткіштерді күтіп ұстау және абаттандыру бағытында ауқымды тазалық жұмыстары ұйымдастырылды. Соның аясында, Нұрсұлтан Есеболатов ескерткішінің маңында санитарлық-тазалық және көріктендіру шаралары жүргізілді.

Іс-шара барысында ескерткіш аумағы қоқыстан тазартылып, айналасы ретке келтірілді. Сонымен қатар, қоршаулар мен маңайдағы нысандар әктеліп, сырлау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде тарихи орынның келбеті жаңарды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл жұмыстардың негізгі мақсаты – ел тәуелсіздігі мен бейбіт өмір жолында жанын қиған батырлардың ерлігін дәріптеу, тарихи мұраларға құрмет көрсету және жас ұрпақтың бойына патриоттық рух қалыптастыру.

Айта кетерлігі, мұндай тазалық және абаттандыру шаралары аудан аумағындағы жалпы 15 ескерткіште жүзеге асырылды. Бұл бастама – өткен тарихқа тағзым жасап, елдік құндылықтарды насихаттауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.



ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ВЫСТУПИЛ НА ЦЕРЕМОНИИ ВРУЧЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ НАГРАД И ВОИНСКИХ ЗВАНИЙ

Президент – Верховный главнокомандующий Вооруженными силами Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев поздравил офицеров и солдат, а также участников церемонии с Днем защитника Отечества и Днем Победы сообщает Ақорда.

Быть защитником Отечества – самая почетная миссия. Каждый из вас хранит верность присяге и безупречно служит Родине. Я как Глава государства и Верховный главнокомандующий выражаю всем вам искреннюю признательность. Сегодня я подписал Указ о присвоении воинских званий и классов чин. Кроме того, мною принято решение о присуждении ряду граждан высоких государственных наград. Поздравляю всех вас! Подрастающее поколение равняется на вас, учится у вас быть преданными родной земле. Уверен, вы и впредь будете верно служить интересам страны, вдохновляя молодежь своим примером. Пусть множится слава нашей армии! – заключил Касым-Жомарт Токаев.



ТОКАЕВ ПОРУЧИЛ ПРОВЕСТИ РЕФОРМУ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ КАЗАХСТАНА



Глава государства 6 мая выступил на церемонии вручения государственных наград и воинских званий. Он поздравил офицеров и солдат, а также участников церемонии с Днем защитника Отечества и Днем Победы, сообщает Exclusive.kz со ссылкой на Ақорда.

Во время выступления Касым-Жомарт Токаев заявил о необходимости масштабного обновления Вооруженных сил и поручил провести глубокие реформы в армии и силовых структурах страны. По словам президента, Казахстан остаётся миролюбивым государством и продолжает делать ставку на дипломатию. Однако в современных условиях страна должна быть готова защищать свои национальные интересы, в том числе более жесткими методами. Токаев подчеркнул, что нынешняя международная обстановка требует технологической модернизации армии и пересмотра подходов к обеспечению безопасности.

В связи с этим глава государства поручил в течение двух лет провести реформирование Вооруженных сил и других силовых структур. Какие именно изменения планируются в рамках реформы, пока не уточняется.

АЙБЕК ДАДЕБАЙ ВОЗГЛАВИЛ НОВУЮ ПАРТИЮ «ЭДИЛЕТ»

В Астане 7 мая 2026 года, на учредительном съезде партии «Эділет» избрали руководящие органы, включая председателя партии и состав политического совета, передает корреспондент Zakon.kz.

В ходе съезда делегаты утвердили состав Центральной контрольно-ревизионной комиссии. Следом члены политсовета проголосовали за состав бюро политического совета партии. Кроме того, на должность председателя партии был выдвинут Айбек Дадебай, кандидатуру которого поддержали делегаты съезда. (Айбек Дадебай занимал должность руководителя Администрации президента (АП) РК. 6 мая 2026 года указом президента он был освобожден от этой должности). Отметим, что партия «Эділет» провозгласила себя политической опорой стратегического курса Касым-Жомарта Токаева и сторонником президентского курса реформ. Ранее мы писали, что на учредительном съезде в Астане приняли решение о создании партии «Эділет».



СОСТОЯЛСЯ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ТУРНИР «ЖАС САРБАЗ БАРЫСЫ»



В преддверии Дня защитника Отечества в области Жетісу был организован республиканский турнир «Жас сарбаз барысы» по национальному виду единоборств, посвященный 35-летию Независимости РК – сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Турнир «Жас сарбаз барысы» проходит уже в четвертый раз. В этот раз в нем приняли участие более 40 участников из всех регионов страны. По итогам соревнований звание «Жас сарбаз барысы» завоевал Али Толеген из Павлодарской области, второе место занял представитель области Жетісу Муслим Саятулы. Третье место досталось Султану Турдали из Алматы. Победители получили денежные призы.

Фотография предоставлена пресс-службой Жетісуского гарнизона

ХОД СТРОИТЕЛЬСТВА СОЦИАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ И ЖИЛЬЯ

В рамках рабочего объезда аким области Жетісу Бейбит Исабаев проинспектировал ход строительства ряда социальных объектов и жилья в городе Талдықорган, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

В Талдықоргане продолжается строительство новой поликлиники на 500 посещений в смену. Работы стартовали в ноябре прошлого года, а завершить объект планируется уже в августе. Кроме того, в Талдықоргане продолжается строительство нового учебного корпуса лицей-интерната «Білім-инновация» на 300 мест. Без внимания не остается и вопрос обеспечения населения доступным жильем. В ходе объезда Бейбит Исабаев проинспектировал ход строительства нового жилого комплекса в микрорайоне «Бірлік». Активно строительство жилья продолжается и в жилом массиве «Ынтымак».



КОРОТКО ОБО ВСЕМ

БУДЕТ ЛИ ТОКАЕВ НА ПАРАДЕ В МОСКВЕ?

В Кремле назвали иностранных гостей Парада Победы. Президента Казахстана в опубликованном списке пока нет, передает Ulysmidia.kz.

Кремль опубликовал список зарубежных лидеров и высокопоставленных гостей, приглашенных на празднование Дня Победы в Москве. Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева в опубликованном перечне пока нет. В списке отсутствуют и другие лидеры стран Центральной Азии. При этом российские СМИ ранее сообщали, что Токаев может принять участие в мероприятиях 9 мая. Не исключено, что список приглашенных гостей еще будет обновлен. Президент Казахстана ранее уже посещал Парад Победы в Москве в 2025 году.

ИРАН ВЛОЖИТ МИЛЛИОНЫ В СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО КАЗАХСТАНА

Казахстан продолжает расширять инвестиционное сотрудничество в агропромышленном комплексе. Иранская компания Golrang Industrial Group планирует реализовать в стране два крупных проекта - строительство маслоэкстракционного завода и птицефабрики мясного направления, передает BAQ.kz.

Как сообщили в Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан, соответствующие договоренности были достигнуты в ходе встречи вице-министра сельского хозяйства Ермек Кенжеханулы с руководителем компании Фазли Мехди Мохаммадкаримом. Общий объем инвестиций в проекты составит около 120 млн долларов США.

ПОЖАР НА ХОРГОСЕ

На территории Международного центра приграничного сотрудничества (МЦПС) «Хоргос» на границе Казахстана и Китая случился страшный пожар, уничтоживший порядка 20 грузовиков, сообщает Zakon.kz.

На некоторых кадрах есть уже потушенные фуры, видно, что они полностью уничтожены огнем, а рядом лежат товары, находившиеся внутри. В Департаменте по чрезвычайным ситуациям (ДЧС) области Жетісу сообщили, что инцидент случился 4 мая 2026 года на приграничной территории со стороны КНР. На пульты экстренных служб «101» и «112» сообщения не поступали, поскольку территория относится к Китаю.

О ХИЩЕНИИ СВЫШЕ 333 МЛН. ТГ. СУБСИДИЙ В ЖЕТЫСУСКОЙ ОБЛАСТИ

Талдықорганский городской суд рассмотрел уголовное дело в отношении бывшего директора ТОО «G», которого обвиняли в мошенничестве с использованием служебного положения, передает kazlenta.kz со ссылкой на inform.kz.

Как установил суд, что в отчетах завышались объемы и стоимость сырого молока, якобы закупленного у частных предпринимателей для переработки. На основании этих документов компании были перечислены государственные субсидии на сумму 333 млн. 917 тыс. тенге. Суд признал подсудимого виновным в мошенничестве в особо крупном размере. В итоге суд ему назначил наказание в виде пяти лет шести месяцев лишения свободы, а также запрет занимать материально-ответственные должности в коммерческих и иных организациях сроком на семь лет. Стоит отметить, что приговор пока не вступил в законную силу.

ШКОЛЬНИКОВ В СИНГАПУРЕ БУДУТ БИТЬ ПЛЕТЬЮ ЗА БУЛЛИНГ В ШКОЛЕ

В Сингапуре школьники мужского пола, которые издеваются над другими, в том числе с помощью кибербуллинга, будут подвергаться телесным наказаниям в качестве «крайней меры», передает агентство Kazinform со ссылкой на The Guardian.

Согласно новым правилам, телесные наказания в виде порки будут применяться только к мальчикам, обучающимся в старших классах начальной школы (в возрасте 9-12 лет) и старше. Речь идет о максимум трех ударах плетью. Наказание будет применяться только «в том случае, если все остальные меры окажутся недостаточными, учитывая серьезность проступка». Телесные наказания должны быть одобрены директором и проводиться только уполномоченными учителями. Школы будут учитывать такие факторы, как зрелость ученика и то, поможет ли телесное наказание ученику извлечь урок из своей ошибки и осознать серьезность содеянного, — заявил министр образования Сингапура Десмонд Ли.

ДО 20 ЛЕТ ЗА НАРКОТИКИ: ПРОКУРОР ЖЕТІСУ ПРЕДОСТЕРЕГ МОЛОДЕЖЬ ТАЛДЫКОРГАНА

Прокурор области Жетісу Бауыржан Жумаканов провёл встречу с молодежью, где предупредил об уголовной ответственности за наркопреступления, передает tinfo.kz.

За распространение наркотиков грозит до 20 лет лишения свободы, а ответственность наступает уже с 14 лет, сообщили в прокуратуре региона.

На встрече с участием известных спортсменов Канта Ислама и Азамата Муканова, а также специалистов здравоохранения, особое внимание уделили опасности синтетических наркотиков. Медики развеяли мифы об их «безопасности».

Как отметил прокурор, обеспечение безопасности подрастающего поколения – ключевая задача государства. Подобные профилактические мероприятия в области Жетісу будут продолжены, чтобы формировать нетерпимость к нарушениям закона.

(Все материалы взяты из открытых источников)

БАЗАР БАР, ХАЛЫҚ ЖОҚ!

Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ
«Алатау»

ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ СОҢЫ ТАЛДЫҚОРҒАНДА ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚТЫҢ КӨПТІГІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ. СОҢЫҢ БІРІ ЖАҢА БАЗАР АШЫЛДЫ ДЕГЕНДЕ ҚУАНҒАНЫМЫЗ ӨЛІ ЕСІМІЗДЕ. ҚАЛАҒА ЖАҢА СЕРПІН КЕЛЕДІ, САУДА МӘДЕНИЕТІ ӨЗГЕРЕДІ, БӘРІ РЕТТЕЛЕДІ ДЕГЕН ҮМІТ БАРША ХАЛЫҚТА БОЛҒАН. ГАУҢАР АНА МЕН АБАЙ КӨШЕСІНІҢ ҚИЫЛЫСЫНДА ОРНАЛАСҚАН ЖАҢА БАЗАР ДӘЛ СОЛ КЕЗДЕ КӨПТІҢ КӨНІЛІНЕ ҮМІТ ҰЯЛАТҚАН НЫСАНҒА АЙНАЛДЫ. ОРЫНЫ ДА ЖАМАН ЕМЕС – АЙНАЛАСЫ ХАЛЫҚҚА ТОЛЫ, ТІРШІЛІК ҚЫЗҒАН АУМАҚ ДЕГЕН КӨЗҚАРАС ТА БОЛДЫ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ ЖАҢА АВТОБУС БАҒЫТТАРЫ ОСЫ КӨШЕМЕН ЖҮРЕДІ ДЕГЕН ЖАҢАЛЫҚ ҚОСЫЛЫП, «ЕНДІ БҮЛ ЖЕР НАҒЫЗ САУДАНЫҢ ОРТАСЫНА АЙНАЛАДЫ» ДЕГЕН СЕНІМ ҚАЛЫПТАСТЫ.

жұртты қуантқан. Бірінен кейін бірі соңғы іске қосылған үш бірдей автобус бағыты дәл осы Гауһар ана көшесі арқылы өтеді деген ресми ақпарат тарады. Бұл, әсіресе, базарға иек артып отырған кәсіпкерлер үшін үлкен мүмкіндік болып көрінді. Қоғамдық көлік бар жерде – қозғалыс бар, қозғалыс бар жерде – сауда бар деген қарапайым қағидаға бәрі сенді.

Тек қала тұрғындары ғана емес, шалғай ауылдар үшін де бұл базар да, қоғамдық көліктер де тиімді шешім болуға тиіс еді. Мысалы, Ынтымақ секілді елді мекендердің тұрғындары үшін қала ортасына келіп, бір жерден әрі сауда жасап, әрі қажетті заттарын алып қайту – уақыт пен қаражатты үнемдейтін мүмкіндік болды. Жаңа базар дәл осындай көпір іспетті қызмет атқарады деген үміт болды.

Қысқасы, бастапқы алғышарттардың бәрі бар еді. Орны дұрыс, айналасы тіршілікке толы, көлік қатынасы болады делінді, ауыл мен қала арасын байланыстыратын мүмкіндік бар. Мұның бәрі базардың



отырған кәсіпкерлер. Жап-жаңа нысан болғанымен, тіршілігі әлсіз. Сырт көзге әдемі көрінгенімен, ішкі мазмұны біз күткендей емес. Енді саудагерлер мен біз секілді тұтынушыларда «неге бұлай болды?» деген көкейге қонымды сұрақ туындайды.

Ең алдымен, бұған қоғамдық көлік мәселесі тұсау болып отыр деп айтар едік. Базардың «жүрегі» болуы тиіс автобус бағыттары

өкілдерінен сұрадық. Олардың айтуынша, бағыттардың тасымалдаушылар есебінен жүргізіліп, енді ғана конкурсқа шығарылып жатқаны белгілі болды. Қалалық әкімдік өкілдерінің мәліметінше, 4 маусымда конкурс өтіп, содан кейін ғана тасымал жұмысы толық жолға қойылады.

Бірақ бұл аралықта базар тіршілігі тоқтап тұр. Себебі қарапайым, қоғамдық көлік жоқ жерде адам болмайды. Ал адам жоқ жерде сауда жүрмейді. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін заңдылық қой.

Көлік қатынасы дұрыс жолға қойылмаған соң, сатушы да, тұтынушы да бұл жерге тұрақты келе алмайды. Бірі – тауарын өткізе алмай шығынға батып отыр, екіншісі – қолайлы жерден алыстап, уақыт жоғалтқысы келмейді. Әсіресе қолында жүгі бар адам үшін бірнеше аялдама жаяу жүру ұнамсыз іс. Осылайша, жаңа базарға салынған қаржы да, үміт те ақталмай, екі ортада инвестор болған кәсіпкерлер шығынға кіріп жатыр. Олар қазіргі уақытта базардағы сауда болмағасын, тауарын сатып тұрған сатушыдан жалға беру ақысын да ұстамайтынын айтқан.

Ал жағдайдың бұлай шиеленісуі басқа бір мәселені қайта «тірітіп» жіберді. Ол өрине, бәріміз білетін – жабайы сауда. Қала орталығындағы арбат маңында, көшенің бойында жерге жайып сауда жасайтындар көбейген. Себебі ол жер –

халыққа жақын, қолжетімді. Автобус жүрмейтін жаңа базарға бару қиын болған соң, тұтынушы да, сатушы да сол баяғы үйреншікті жерге қайта оралған. Нәтижесінде жаңа, заңды базар бос тұрса, ескі, ретсіз жабайы сауда қыз-қыз қайнап жатыр.

Бұл жерде таңғалатын ештеңе жоқ. Адам әрдайым ыңғайлы оңтайлы тұсты таңдайды. А. ыңғайсыздық жасалған жерде жүйе өздігінен жұмыс істемейді.

Оған қоса, инфрақұрылымдағы олқылықтар да мәселені ушықтырып отыр. Аялдама толық жасалмаған – тек белгісі бар. Жаңбырда, желде тұратын жағдай қарастырылмаған. Жол бойындағы сары сызықтар көлік тоқтауға мүмкіндік бермейді. Көлік тұрағы да тар. Тіпті Қарабұлақ бағытындағы газельдердің өзі тұраққа сыймай, қозғалысқа кедергі келтіріп тұр. Мұның бәрі бір-біріне қосылып, базарға келуді одан сайын қиындау түседі. Аты бар да, заты жоқ деген осындай болады.

Осыдан шығатын қорытынды біреу. Мәселе базарда емес, оның бастапқы кезде бұрыс жоспарлануында. Яғни, әу бастан жобаның «тіршілік ету механизмі» толық ойластырылмаған. Қаладағы кәсіпкерлікке жауапты құрылымдар нысан салуға мән бергенімен, оның қалай жұмыс істейтінін, халық қалай келетінін, сауда қалай жүретінін терең есептемеген.

Базар немқұрайлы қарайтын ғимарат емес. Ол – қозғалыс, логистика, сұраныс пен ұсыныстың түйіскен нүктесі. Егер осы тізбектің бір жері бүлінсе, бүкіл жүйе тоқтайды. Қазіргі жағдай – соның айқын дәлелі.

Сондықтан, мәселені тек «уақыт өте шешіледі» деп қалдыруға болмайды. Бұл – нақты шешімді, жүйелі әрекетті қажет ететін жағдай. Әйтпесе, бүгін бос тұрған базар ертең сенімсіз жобалардың символына айналуы өбден мүмкін. Мұндай қателіктің салдарынан, бұрыннан бері Шығыс шағын ауданына бара жатқан тұстағы ғимаратта көненің көзі болып, «зброшка» атанды емес пе?



тіршілігін жандандырып, тез арада халыққа сіңісіп кетуіне толық жағдай жасайтындай көрінді. Сол кезде «қалаға жаңа тыныс келеді» деп бәріміз қуанғанымыз рас.

Алайда, арада екі-үш ай өткенде-ақ бұл үміттің орнына басқа шынайы көрініс қалыптасты. Қанша жақсы бастама болғанымен, бүгінгі базардың шынайы ахуалы – бос алаң, сирек сауда, үнсіз



тұрақты жұмыс істемегенін естідік. №28, 29 бағыттары үлкен үмітпен іске қосылғанымен, көп ұзамай олардың тағдыры белгісіз күйге түсті. Өткен аптаның бейсенбісінде бастап бұл қоғамдық көліктер жүруін тоқтатыпты. Ал ол жайлы ақпаратты халық тек жүргізушілердің әңгімесінен естіген. Бірі тоқтады деген әңгіме, бірі әкім 8 ай құжаттарына қол қоймай, рұқсатын бермеуіне байланысты деген қауесеттер айтылып жатыр. Ақырында бұл мәселенің жауабын Талдықорған қалалық әкімдігінің баспасөз

Базардың орны жаман таңдалған жоқ. Керісінше, орналасуы жағынан ұтымды деуге толық негіз бар. Гауһар ана мен Абай көшелерінің қиылысы – тұрғындар тығыз шоғырланған аумақ. Айналасында көпқабатты үйлер, шағын бизнес нысандары, күнделікті тіршілік қайнап жатқан аймақ. Яғни, қағаз жүзінде емес, нақты өмірде де бұл жер сауда үшін сұранысқа ие болуы тиіс еді.

Оған қоса, жаңа базар ашылған тұста тағы бір жағымды жаңалық

Дария ТАСҚЫНҚЫЗЫ
«Алатау»

ЧЕМПИОН ТӘРБИЕЛЕГЕН ШАҢЫРАҚ

6 мамыр – қазақ спортының аңызы, Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіровтің туған күні. Ел мақтанышына айналған даңқты балуанның есімі бүгінде Талдықорғандағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжіне беріліп, оның жеңісті жолы жас спортшыларға үлгі болып келеді. Бүгінде бұл білім ордасы талай чемпионды тәрбиелеп, республикалық және халықаралық аренада жоғары нәтиже көрсетіп жүр.



еркін күрес, садақ ату секілді спорт түрлерінен шәкірттеріміз жастар арасындағы Азия чемпионаттарына жолдама алып, өз әлеуеттерін дәлелдеуде. Бұл – жүйелі дайындық пен жаттықтырушылар еңбегінің нәтижесі.

– Оқу орнына қабылдау талаптары қандай?

– Бізге қабылдау бірнеше кезеңнен тұрады. Негізінен 6-сыныпты аяқтап 7-сыныпқа өткен оқушыларды қабылдаймыз. Алдымен үміткерлер дене дайындығы бойынша нормативтер тапсырады, одан кейін олардың спорттық жетістіктері мен қабілеті жан-жақты қаралады. Бәсекелестік жоғары, сондықтан тек үздіктер ғана іріктеліп алынады.

Өрине, білім мен спортты бірдей алып жүру оңай емес. Бізде барлығы нақты жоспармен ұйымдастырылған. Оқушылар күніне екі мезгіл сабақ оқып, екі мезгіл жаттығу жасайды. Мұғалімдер мен жаттықтырушылар бірлесіп жұмыс істейді. Соның арқасында балалар әрі білім алып, әрі спорттық шеберліктерін шындай алады.

Қазіргі таңда оқу орнында 475 спортшы білім алуда. Бізде 10 олимпиадалық спорт түрі қамтылған. Атап айтқанда, еркін күрес, грек-рим күресі, әйелдер күресі, дзюдо, ауыр атлетика, жеңіл атлетика, волейбол, футбол және басқа да бағыттар бар. Әр спорт түрі бойынша тәжірибелі жаттықтырушылар жұмыс істейді.

– Материалдық база қалай

қамтамасыз етілген?

– Материалдық-техникалық база талапқа сай. Мысалы, боксшыларға арналған екі ринг бар, ал күрес түрлеріне жеке-жеке арнайы кілемдер қарастырылған. Жаттығу залдары қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Бұл спортшылардың сапалы дайындалуына мүмкіндік береді.

Оқушыларға барлық жағдай қарастырылған. «Болашақ» және «Саяхат» атты жатақханалар бар. Балалар толықтай осы жерде тұрып, білім алады. Үш мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, олардың қауіпсіздігі мен тұрмыстық жағдайы үнемі бақыланады.

Ата-аналармен байланыс – біздің жұмысымыздың маңызды бөлігі. Әр сыныпта тәрбиеші бар, солар арқылы ата-аналармен тұрақты түрде байланыс орнатамыз. Қажет жағдайда жиналыстар өткізіліп, балалардың оқу үлгерімі мен спорттағы жетістіктері талқыланады.

– Оқу орнын дамыту бойынша жоспарларыңыз бар ма?

– Алдағы уақытта жатақханаларға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, спорттық базаны одан әрі жетілдіру көзделген. Негізгі мақсатымыз – халықаралық деңгейде топ жарып, ел намысын қорғайтын спортшыларды тәрбиелеу.

Қорыта айтқанда, Жақсылық



Үшкемпіровтің есімін иеленген бұл білім ордасы – тек білім беретін мекеме ғана емес, ел болашағын тәрбиелейтін, спорт арқылы ұлт абыройын асқақтататын маңызды орталық. Мұнда тәрбиеленіп жатқан әрбір жас – ертеңгі ел намысын қорғайтын үмітіміз. Олардың әрбір жеңісі – ұстаздар мен жаттықтырушылардың тынымсыз еңбегінің, жүйелі дайындықтың жемісі.

Бүгінде бұл шаңырақтан түлеп ұшқан спортшылар республикалық, халықаралық аренада ел намысын абыроймен қорғап жүр. Алдағы уақытта да аталған оқу орны жаңа чемпиондарды тәрбиелеп, қазақ спортының көкжиегін кеңейте беретіні сөзсіз. Жақсылық Үшкемпіровтің жарқын есімі мен жеңісті жолы жас буынға мәңгілік рух беріп, оларды биік мақсаттарға жетелей бермек.

– Әңгімеңізге рахмет!

САҒЫНАДЫМ ӘКЕ, ИІСІҢДІ

Ұлы Жеңістің 81 жылдық мерекесіне орай әкеме деген сағыныш жүрек тербеп, ойды ой қозғап, көзге жас үйірді. Менің әкем – Есімбеков Түгел 1914 жылы Алакөл ауданы, Қызылашы ауылында дүниеге келген. Ел басына күн туып, 1418 күнге созылған жойқын соғысқа 1941 жылы ағасы Есенаман аттанады. Ата-анадан орта айырылған бұл отбасы әке орнына әке болған асқар таудай ағаларын, асыраушысын қан майданға шығарып салады. Ағасы кетерінде артындағы жанұясын менің әкеме аманат етіп тапсырады. Бұл кезде ағадан қалған жалғыз тұяқ – Сагила 10 жаста ғана еді. Бірақ амал не ағасынан 6 айдан соң, әкем де майданға аттанады. Әкем біраз дайындықтан соң 2-ші Белорусь майданына соғысқа кіріседі.

Алғашында мықты-мықты деген 15 жігітті жаралыларды тасуға шығарады. Әкем сол кезді былай деп есіне алады: «Қолымыздағы шанаға 2 адамды қатар жатқызуға болады. Ал шанаға жегілетін иттерді өзіміз күтіп баптаймыз. Қарша бораған оқтың астында еңбектеп жүріп, жарасы жанына батып, қан атқылап жатқан адамдарды көргенде: «Шіркін аман-есен блиндажға жеткізсем екен» деп өзіңді естен шығарып аласың. Жануарларға да жан керек, снарядтың дауысы шыққан

кезде иттер де шошып, ышқынып, алға қарай өзіңді сүйреп кетеді. Кейбір ауыр жаралылар блиндажға жетпей өліп кетеді. Осылайша 2 айдан соң орнымызға тағы да басқа жігіттер келген соң, біз ұрысқа кірістік», - деп күрсіне еске алатын әкем марқұм.

Жау басын алған Украина, Белоруссия жерін азат ету ұзаққа 1 жарым жылға созылды. Әкем 1943 жылы шілде айында Белоруссияның астанасы Минск қаласын жаудан азат етуге қатысады. Қатты жарылыстан жамбасына минаның жарықшағы тиіп, 2-3 ай госпитальда емделеді.

«Белоруссияның қалың орманында тізеден батпақ кештік. Етікті шешуге де шамамыз келмей, шаршап құлайтынбыз. Аяғымызды етік қажап, жара болып, суықтан ісініп, басқызбай қалатын. Сұрапыл сұм соғыстың сойқаны өз алдына, аштық пен жетіспеушілік те қиын болды. Бірақ бәріне шыдау керек. Мен жүрген полкте 2-3 қазақ, 1 өзбек жігіті болды. Белоруссия жерін күл-талқан еткен неміс басқыншыларының нешетүрлі айуандық істерін, әсіресе әйелдер мен балаларға жасаған әрекеттерін де (өртеу, итке талату, зорлау) көрдік», - деген сол кездің көз көрген азғындық істерін әңгімесінде айтып отыратын.

«Анда-санда сәл тыныштық болып, демала қалсақ кез-келген



қалың ағаштың қабығын балтамен сәл кесіп, төсеген ыдысты өп-сәтте тамшылап аққан шырынымен толтырып, түк қалдырмай сіміріп алып, жанымызды шақырғандай боламыз. Дәмі әлі күнге дейін ауыздан кетпейді», - деп еске алатын әкем марқұм.

Әкем ақ түйенің қарны жарылғандай болған Ұлы Жеңісті Берлиннен 20 шақырым бір елді мекенде қарсы алады. «Деревняға кірсең адамдардың бәрі қашып кетіпті. Бірақ бар дүние орнында тұр. Қоралары шошқа мен тауыққа толы. Сол жерде бір айға жуық тұрдық. Есімізді жиып болғанша, қайтуға дайындалуға бұйрық келді. Шекарада барлығымыз

қатаң бақылаудан өттік. Сөйтіп, 1946 жылы бір көзімнен айырылып, кеудеме 3 дәрежелі «Даңқ» орденін тағып, Отан алдындағы борышымды адал атқарып елге оралдым», - деген әкемнің әңгімесін еш ұмытпаймын.

Туған ауылы Қызылашыға келген әкемді ағасы Есенаманнан келген «қара қағазды» құшақтап жеңгесі Қайша мен ағадан қалған жалғыз тұяғы Сағиласы еңіреп қарсы алады. Әкемнің еті тірі, пысық адам еді. Германия жерінен әкелген немістің 1 чemoдан жібек материалын азық-түлікке айырбастап, ағайын туысқа бөліп береді. Осыдан кейін соғысқа кетерде өзіне ағасы Есенаман аманат етіп тапсырған қызы – Сағиланы ұзатып, көңілі орнына түседі. Өзі уақ руынан шыққан Зекен атты бойжеткенге үйленіп, тіршілік құрады. Ұжымшар басшылары әкемді 3 айлық механизаторлар дайындайтын курсқа жібереді. Оқуын бітіріп, ұжымшарға келген ең алғашқы ХТЗ тракторының руліне отырған, ауылдағы тұңғыш механизатор да әкем еді. 1960 жыл электр желісі тартылып,

ауылдың шетіне салынған электр станциясына моторист болып тағайындалады. Ол кезде техника, тігін білетіндер өте аз еді. Кешкі сағат 7-ден түнгі 12-ге дейін ауылға электр жарығы берілетін. Әкем күндіз тоқ беріп жүрған 3 үлкен дизель моторын сүртіп, таза лап, май құйып кешке дайын дайтын. Мен ол кезде 7-8 жаста едім. Әкеме түсте тамақ апару менің міндетім. Екеуіміз көлеңкеге отырып, түскі тамақты рахаттана ішетінбіз.

Әкем мен анам 60 жылға жуық бірге өмір сүрді. Немере, шөбере сүйді. Қос ардақтымыз бұл күнде немерелері де сағынышпен еске алады.

Ұлы Отан соғысының әрі, бейбіт күннің ардагері ауылдағы тұңғыш механизатор, 90 жыл өмір кешкен ауылдың абызы бола білген аяулы әкемді әрдайым «Сағындым әке иісінді» - деп мақтанышпен еске аламын.

Қаршыға ТҮГЕЛОВА,
зейнеткер ұстаз
Алакөл ауданы, Ақтүбек ауылы

ӨМІРІ ЕЛГЕ ҮЛГІ

МОЛБАЕВ ЕРДЕМБЕК –
АУЫЛЫМЫЗДЫҢ ҚҰРМЕТТІ
АЗАМАТЫ. ҰЛЫ ОТАН
СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ,
ЕКІНШІ ТОПТАҒЫ СОҒЫС
МҮГЕДЕГІ, ЕҢБЕК АРДАГЕРІ,
ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІСІ, БІЛІМ
САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ,
ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ.



Ол 1923 жылы маусымның 15-і қазіргі Сарқан ауданы, Қарашыған ауылдық округіне қарасты Балқаш көлінің жағалауы, «Шұбартүбек» деген жерде дүниеге келген.

1940 жылы мектепті бітіріп, орта білім алды. Маусым айында жаңадан құрылған «Лепсі» қосалқы шаруашылығына жұмысшы болып қабылданып, 1941 жылдың қыркүйегіне дейін қызмет етеді.

Ұлы Отан соғысы басталған кезде сол аймақтағы бірнеше ауылдың 20-30 шақты азаматы Отансүйгіштік сезімдерімен өз еркімен майданға барамыз деп аудандық әскери комиссариатқа өтініш тапсырады. Олардың ішінде, Ердембек, Орманбай, Керім, Дәнекер, Әкбербайұлы Ахметжан ағаларымыз да болған екен. Бірақ мұны біліп қойған ата-ана, туыстары 17-18 жастағы жігіттерді соғыс алаңына жібермей, балық аулайсындар деп Төлеп, Майқамыс, Қоржын, Алғазы, сияқты тағы басқа алыста орналасқан колхоз учаскілеріне апарып тастапты.

Ердембек аға «Үлгі» колхозының Қоржын учаскесінде балықта болған. Қырғын соғыс жүріп жатқан кез, ауылдағы ересек ер-азаматтарды шетінен әскерге алып жатады.

Алыстағы балықшыларды да жинап, 1942 жылы күзде Лепсіде теплушка вагондарына тиіп, соғысқа әкетеді. Ердембек аға жан досы Керім Сахарилымен және басқа да жерлестерімен Уфа қаласындағы кіші лейтенанттар даярлайтын алты айлық әскери мектепке қабылданады. Бірақ әскери майдандағы қиын жағдайға байланысты даярлықтағылар шұғыл түрде майданға жіберіледі. Ол Воронеж майданы әскері қатарында соғысқа қатысады. Ба-

төмен жағын жұлып, ауыр жарақат алады. Рота командирі көмек көрсетіп, ағаның жарасын таңып береді. Бас көтерпейтін атыс-шайқас болғасын ешқайда кетпей, сол жерде кешке дейін соғыса берген екен. Түнде командирлердің бұйрығымен ауыр жарақат алғандар қатарында қайыққа мініп, Дон өзенінен өтіп далалық госпитальға жеткізіледі. Ол жерден тылдағы үлкен госпитальға жіберіліп, қолына ота жасалып, екі айдан кейін 1943 жылдың қараша айында әскер қатарынан босатылып, туған ауылына қайтып оралады.

Соғыста жүргенде жауынгерлік ерлігі үшін Ердембек ағаны бірнеше рет мемлекеттік марапатқа ұсынған екен. «Таңертең бар командир кешке дейін не мерт болады, не болмаса жаралы, басқа жаққа ауыстырылып кетіп жатқан кез. Курск доғасындағы шайқаста аман шыққандар орденге ұсынылып, бірақ бізді басқа майданға ауыстырып жіберіп орденді ала алмай қалдым. Дон өзеніндегі плацдармды қорғау кезінде батальон командирінің көзінше, ПТР-дан екі рет атып немістің шабуылдаушы самолетын жерге түсірдім, жаудың бірнеше әскери техникасын қираттым. Сол үшін де орденге ұсынылдым. Ертеңінде жаралы болып тылға алып кетті, орденді ала алмадым», - деп отыратын. Сол наградалардан қолына тигені «За боевые заслуги» жауынгерлік медалі және «Орден отечественной войны I степени» ордені. Соғыс бітіп, бейбітшілік заманда әр он жылда Жеңіс мерекесіне арналған мерейтойлық медалімен де марапатталатын.

Соғыстан аман келген соң, 1943 жылдың желтоқсан айында Берлітөбе ауданы «Красный рыбақ» колхозының басқармасының орынбасары болып жұмысқа кіріскен. Онда 1944 жылдың мамырына дейін қызмет жасайды. Ары қарай, Майқамыс ауылсоветіне хатшы болып тағайындалып, ауылымызға КСРО-ның басқа жерлерінен мәжбүрлеп қоныс аударылған өзге ұлт өкілдерінің жанұяларын жұмысқа орналастырып, жаңа жерде қалыптасуларына көмек



көрсетіп, үлкен жұмыс атқарған.

1946 жылдың қаңтарынан Қарашыған ауылсоветінің төрағасы болып қызмет атқарады. Бұрынғы үш ауылсоветін біріктіріп құрылған Қарашыған ауылсоветінде жасайтын жұмыс өте көп болатын. Ауданның басқа аймағымен салыстырғанда, халық саны да көп, көпұлтты, бірнеше мектеп, кәсіпорын бар болатын. Осындай жұмыстарды жүйелеп жүргізуді, халықтың бірлігін сақтау төрағаның басты міндеті еді. 1948 жылы желтоқсанда Берлітөбе ауданының атқару комитетінің шешімімен ол аудандағы «Көктерек» ауылсоветіне төраға қызметіне жіберіліп, жоғарыдағыдай абыройлы жұмыс атқарған. Ал 1949 жылдың желтоқсанында Ердембек аға аудан орталығы, Лепсі поссоветіне төраға ретінде тағайындалды.

1951 жылы жоғарғы білім алу мақсатында, жұмыстан өз еркімен шығып, Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (ҚазГУ) филология факультетіне оқуға түседі. Ол жерде болашақ қоғам қайраткерлері және жазушылармен танысып, бірге оқиды. Мұхтар Әуезовтің лекциясын тыңдап, басқа да қазақ мейталмандарынан дәріс алады. Алматыға барғаннан ағасы Мұқан Төлебаевтың қасында болып, оның шындалуына, маман ретінде қалыптасуына ықпал еткен.

1956 жылы жоғары оқу орнын бітіргесін жолдамамен Семей облысы, Аягөз аудандық газетіне бас редактор болып тағайындалады. Сол жерде 1957 жылдың наурыз айына дейін жұмыс жасап, жанұя жағдайына байланысты жұмыстан шығып, туған ауылы Үлгіге қайтып келеді. Ауылда жастары келіп қалған әке-шешесіне қарайласып, жанында болу керек болды.

Келген бойда, ауылдағы «ВЛКСМ-ның 30 жылдығы» атындағы орта мектебіне мұғалім болып, 1959 жылдың тамызында Көпбірлік ауылындағы Киров

колхозының орта мектебіне завуч ретінде қызмет жасайды. Келесі 1960 жылы Қарақұм ауылындағы 8 жылдық мектепте директор болады. Мұнда бір жылдан соң өз еркімен жұмыстан шығып, Үлгіге қайтып келеді, №35 «ВЛКСМ – ңын 30 жылдығы» атындағы орта мектебіне қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі ретінде қызмет етті. Әр жылдары завуч, мектеп директорының міндетін атқарып жүрді. Аталған білім ошағында 1996 жылдың маусым айына дейін жұмыс жасап, 73 жасында зейнетке шығады. Ол ҚР халық ағарту ісінің үздігі, өзге де медаль, грамоталармен марапатталды.

Ердембек аға өмірлік жары Ақбербайқызы Бибижан апаиымызбен жеті бала өсіріп, бәріне тәрбие беріп, жоғары білім алдырды. Немере, шөбере сүйді.

Мен ол кісіні өткен ғасырдың 70-ші жылдарының ортасынан білуші едім. Алғаш Берлітөбе аудандық білім беру бөлімінде істеген кезде, онан кейін аудандық партия комитетінде қызметте болғанымда ол кісімен жиі кездесетінмін. Ағамыз мүгедектігіне қарамай, сол қолы протезде, бір қолымен үш аяқты Урал мотоциклімен жүріп, мылтық атып, аң аулайтын. Шалғымен шөп шауып, малына азығын дайындап, бау-бақша егіп тыным таппай еңбек ететін. Балаларын да еңбекке баулыды. Ол Талдықорған қаласына көшіп келгенде көрші тұрдық. Ағамыз бізге мол өмірлік тәжірибесін, ақылын айтудан жалыққан емес. Ол 2008 жылы 2 қыркүйекте 86 жасында бақылық болды. Іскер, білімді, қарапайым, ұлағатты ұстаз, батыр Ердембек ағамыздың есімі жадымызда мәңгі сақталады. Ағамыздың жатқан жері жәннатта болсын.

Болат МОЛДАБЕКОВ,
Талдықорған қаласы,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университетінің
құрметті профессоры,
доғарыстағы әділет полковнигі

Дүйсенбі - Понедельник, 11 мамыр

ХАБАР

05.00 Тх «Фатмагүл»
07.00 «Рухты әлем»
09.00 М/с «Лунтик»
10.00,20.00 Тх «Эшрефтің арманы»
12.00 Cover show
14.30 Х/ф «Добро пожаловать в Рай!»
17.00 Сериял «Мечта Эшрефа»
19.00 Телехикая «Келінжан»
22.00 «Кешгес»
23.00 Х/ф «Судьба кондитера»

15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «DARA LINE»
17.00 «Жетісу жақұты»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «АІ әлем»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Жаһан жолы»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Күн болам»
22.40 «Әсем әуен»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Koremiz-шоу»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро. Казахстан!»
10.00 Сериял «100 дней свободы»
14.30 «Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.30 Сериял «Первый отдел-3»
01.00 «Главные Новости»
01.35 «Диверсант конец войны»
03.20 «Басты жаңалықтар»
03.45 «П@утина»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30,05.20 «Ризамын»
07.00 «Күліа All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.00,01.00 «31 әзіл»
09.00 М/с «Аватар: Легенда об Аанге»
09.30 М/с «Губка Боб»
10.00 М/с «Пингвины Мадагаскара»
10.30 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11.00 «Қара қыз»
13.10 Худ. фильм «Защитник»
15.00 Худ. фильм «Три богатыря и пуп земли»
16.40 Худ.фильм «Мышинная охота»
18.30 Кино «Боги Египта»
21.00 Худ. фильм «Охотник на монстров»
23.00 Худ.фильм «Операция «Валькирия»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.30 «1001 Әзіл»
04.30 «Bala battle»

КТК

07.05 «Әнім сен едің»
08.10 Тх«Джелаладдин»
09.20 Сериял «Катерина»
12.50 Сериял «Кольцо с рубином»
16.40 Сериял «Дворняжка ЛЯЛЯ»
18.30 Сериял «Однажды в Чукурова»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериял «Клан ювелиров»
23.40 Сериял «Подсудимый»
01.40 Сериял «Дворняжка ЛЯЛЯ»
03.10 «Джелаладдин»
04.10 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
04.35 «КТК-қоржыны»
05.30 «Әнім сен едің»

7 КАНАЛ

06.02 Тх «Ата-ана, балашаға»
07.00,22.00 Тх «Үзілген жапырақтар»
08.40 «Алыс шаһар»
09.40 «Ну Погоди!»
10.00 «Таптым-ау сені-2»
12.00,18.00 Телесериал
13.00 Тх «Тренер аға»
15.00 К/ф «Ва-Банк»
17.00,23.40 Тх «Әңгімесі ауылдың»
20.00 Сериял «Ветреный»
21.00 Сериял «Далекий город»
00.10 «Әзілің жарасса»
02.10 Гүл-гүл шоу
03.00 Әйгерім Сейфоллаевтың Сырласуы
03.50 Жұлдызды шаңырақта
04.40 Қызықты weekend
05.20 Өсекшілер

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.05 «Ұлт ұяты»
10.00 «Угәгәй melody»
11.00 «Бір шәугім шай»
11.40 Д/ф «АІ әлем»
12.05 «Әсем әуен»
13.05 «Единый народ»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жеке кәсіпкер «Курков С.С.» 2026 жылғы 19 мамыр мен 25 мамыр аралығында Жетісу облысы, Текелі қаласында орналасқан «Курков С.С.» ЖК-нің тас кесу цехы үшін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар өтетінін хабарлайды.
Өсер ету аумақтары мен учаскелерінің географиялық координаттары: 44°51'38,19" с.е., 78°47'32,68" ш.б.
Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Курков С.С.» ЖК, Жетісу облысы, Текелі қ., Қалдаяқов көшесі, 64, e-mail: kurkova05@mail.ru.
Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел.: 8 777 343 34 66, Талдықорған қ., Назарбаев көшесі, 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.
Жоба материалдарымен келесі сайтта танысуға болады: ndbecology.gov.kz.
«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» ММ, тел.: 8 (7282) 32-92-67, 8 777 171 90 39, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, 26.
МИО сайтына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz>
Сондай-ақ бастамашының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetisu-natural?lang=ru>
Ескертулер мен ұсыныстар «НБД СОС және ПР» ақпараттық жүйесінде қабылданады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>

Сейсенбі - Вторник, 12 мамыр

ХАБАР

05.00 Тх Фатмагүл
07.00 «Оян!»
09.00 М/с «Лунтик»
10.00,20.00 Тх «Эшрефтің арманы»
12.00 Тх «Келінжан»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 «Нородный контроль»
14.30 Пульс планеты
14.45 Жер-жаһан
15.00 Х/ф «Судьба кондитера»
16.45 «Cover show»
17.00 Сериял «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
22.00 «Кешгес»
23.00 Х/ф «Точка обстрела»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Koremiz-шоу»
07.00 «Қайырлы таң,Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.50 «Давай поженимся!»
12.45 Сериял «Позднее раскаяние»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
14.30 «Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.30 Сериял «Первый отдел-3»
20.00 «Главный новости»
01.35 Кино «Диверсант конец войны»
03.20 «Басты жаңалықтар»
03.45 «П@утина»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Әнім сен едің»
08.10 Тх«Джелаладдин»
09.20 Вечерние новости
10.00 Сериял «Подсудимый»
12.00 Сериял «Клан ювелиров»
14.00 Кольцо с рубином
16.40 Сериял «Дворняжка ЛЯЛЯ»
18.30 Сериял «Однажды в Чукурова»
20.35 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Клан ювелиров»
23.40 «Подсудимый»
01.40 «Дворняжка ЛЯЛЯ»
03.10 «Джелаладдин»
04.10 Кешкі жаңалықтар
04.35 КТК-қоржыны
05.00 «Әнім сен едің», ойын-сауық

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.25 К/ф «Керінбейтін

көмекші»
11.05 «Әсем әуен»
11.45 Д/ф «Тәртіп»
12.00 «Аман болайық» /тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
13.05 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Күн болам»
17.00 «Дала сыры»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
19.45 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «Тәртіп»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Жолбарыс»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Менің ағам -агент»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30,05.20 «Ризамын»
07.00 «Тәтті шоу»
08.00,00.40 «31 әзіл»
09.00 М/с «Аватар:легенда об Аанге»
09.30 М/с «Губка боб»
10.20 М/с «Пингвины Мадагаскара»
11.10 М/с «Кунг-фу Панда»
12.00 Худ. фильм «Три богатыря и пуп земли»
13.40 Худ. фильм «Охотник на монстров»
15.40 Худ.фильм «Иллюзия обмана-2»
18.10 Худ. фильм «Рэмбо: Первая кровь»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Перевозчик: Наследие»
22.50 Х/ф «Тысяча слов»
02.40 «Time Vine»
03.00 «Tik Tok show»
03.20,05.00 «What's up?»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 «Bala battle»

7 КАНАЛ

06.02 Тх «Ата-ана, балашаға-2»
07.00,22.00 Тх «Үзілген жапырақтар»
08.40 Тх «Алыс шаһар»
09.40,15.10 «Әңгімесі ауылдың»
10.40 «Ну, погоди!»
09.00 Мультфильм
11.00,20.00 Сериял «Ветреный»
12.00,17.00,18.30,01.50 Телесериал
13.00 Тх «Тренер аға»
18.00 Жаңалықтар.
19.30 Новости.
20.00 Сериял «Далекий город»
23.40 Әзілің жарасса
01.00,05.50 Жаңалықтар
01.20,05.25 Новости
04.10 Гүл-гүл шоу

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Курков С.С.» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 19 мая по 25 мая 2026г. по разделу «Охраны окружающей среды» для Камнерезного цеха ИП «Курков С.С.» в г.Текели области Жетісу.
Географические координаты участков и территорий воздействия: 44°51'38,19" СШ 78°47'32,68"ВД.
Инициатор намечаемой деятельности: ИП «Курков С.С.», область Жетісу г.Текели ул. Калдаякова 64, e-mail: kurkova05@mail.ru.
Разработчик: ИП «Экология», тел. 8 777 343 34 66. г. Талдықорған, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.
Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ndbecology.gov.kz.
ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, г.Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26.
Ссылка на сайт МИО <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте инициатора <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetisu-natural?lang=ru>.
Замечания и предложения принимаются в Информационной системе «НБД СОС и ПР» (<https://hearings.ndbecology.gov.kz/>).

Сәрсенбі - Среда, 13 мамыр

ХАБАР

05.00 Тх «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 М/с «Лунтик»
09.25 М/с «Турвозавры»
10.00,20.0 «Эшрефтің арманы»
12.00 Тх «Келінжан»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 Біздің назарда
14.30 Пульс планеты
14.45 Жер-жаһан
15.00 Х/ф «Точка обстрела»
16.30 «Cover show»
17.00 Мечта Эшрефа
19.00 Новости
19.35 Жаңалықтар
22.00 «Кешгес»
23.00 Х/ф «Бен гур»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Koremiz-шоу»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
08.30 «Доброе утро, Казахстан»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.50 «Давай поженимся!»
12.45 Сериял «Позднее раскаяние»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты Жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»
20.00 «Главнын новости»
20.30 Сериял «Первый отдел-4»
01.00 «Главные новости»
01.35 «Диверсант конец войны»
03.20 «Басты жаңалықтар»
03.45 «Паутина»

КТК

07.30 «Әнім сен едің»
08.10 «Джелаладдин»
09.20 Вечерние новости
10.00 Сериял «Подсудимый»
12.00 Сериял «Клан ювелиров»
14.00 Сериял «Подсудимый»
16.40 Сериял «Дворняжка ЛЯЛЯ»
18.30 Сериял «Однажды в Чукурова»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериял «Клан ювелиров»
23.40 Сериял «Подсудимый»
01.40 Сериял «Дворняжка ЛЯЛЯ»
03.10 «Джелаладдин»
04.10 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
04.35 «КТК қоржыны»
05.30 «Әнім сен едің»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.25 К/ф «Өзгеремін»
11.05 «Әсем әуен»

11.45 Д/ф «Киелі Қазақстан. Мыңжылдықтар мұрасы»
12.05 «Біздің толқын» /тікелей эфир/
12.50 «Әсем әуен»
13.05 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»
14.45 Әсем әуен
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Менің ағам -агент»
17.00 «Угәгәй melody»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Агро аймақ»
19.40 «Әсем әуен»
20.15 «Сакральный Казахстан.Наследие Великой степи»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «После огня»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Көлеңкедегі күш»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00,01.00 «31 әзіл»
09.00 М/с «Аватар: легенда об Аанге»
09.30 М/с «Губка Боб»
10.30 М/с «Пингвины Мадагаскара»
11.20 М/с «Кунг-фу Панда»
12.10 Худ. фильм «Мышинная охота»
14.00 Кино.«Дом у дороги»
16.10 Худ. фильм «Рэмбо: Первая кровь»
18.00 Худ. фильм «Рэмбо первая кровь-2»
21.00 Худ. фильм «Гринго трумана»
23.00 Худ. фильм «Шоу трумана»
02.40 «Time Vine»
03.00 «TikTok show»
03.20, 05.00 «What's up?»
04.20 «1001 әзіл»
04.30 «BALA BATTLE»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Сериял «Супер7»
07.00,22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
08.40 Телехикая «Алыс Шаһар»
09.40 «Үздік әзілдер»
10.20 М/с «Ну, погоди!»
11.00, 20.00 Сериял «Ветреный»
12.00, 17.00, 18.30, 02.00 Телесериал
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
13.30 Тх «Әмірші әйел»
14.50 «Каникулы OFF-LINE»
18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир
19.30 Новости. Прямой эфир
21.00 Сериял «Далекий город»
23.50 Әзілің жарасса
01.10,04.50 Жаңалықтар
01.30,05.20 Новости
04.10 Гүл-гүл шоу

Жетісу облысының Талдықорған қалалық сотының өндірісінде Пилипенко Сергей Викторовичтің Алматы облысында, 31 мамыр 1958 жылы туған, ЖСН 580531300571, азамат Пилипенко Виктор Ивановичті өлді деп тану туралы азаматтық ісі қаралуда. Оның соңғы белгілі мекен-жайы: Талдықорған қаласы, Балпық би көшесі, 331 үй 6 пәтер. Осы аталған азаматтың мекен-жайы белгілі азаматтар мен азаматшалар Талдықорған қаласының Абылайхан көшесі № 116 мекен-жайында орналасқан Талдықорған қалалық сотының судьясы А.Б.Садуоваға, 8 705 845 5207 телефоны бойынша, осы хабарлама шыққан күннен бастап үш ай ішінде хабарласуды сұраймыз.

ҚИЫНДЫҚҚА МОЙЫМАҒАН ҚАЙРАН ӘКЕМ!



Әкемнің тағдыры мен үшін тек қиындықтардан тұратын сияқты болып көрінетін. 1921 жылы дүниеге келген әкем көп ұзамай, сәби кезінде нанның тапшылығын көріп, ашаршылықтың ауыртпалығын сезінеді. Ата-анасынан да ерте айырылып, жақсы адамдардың арқасында 1932 жылы Шелектегі Қорам балалар үйіне жеткізіліп, ашаршылықтан аман қалды. 1937 жылға дейін Қаскелең интернатында тәрбиеленіп шыққан соң, Қапал мұғалімдер училищесінде математика пәнінің мұғалімі мамандығын игеріп

шықты. Одан кейін Бөрлітөбе ауданы Үлгі жеті жылдық мектепте әскерге алынғанға дейін, яғни 1940 жылға дейін ұстаздық ете бастайды.

Жүрген жерінде адамдықты, азаматтықты, кісілікті ғана мойындайтын менің әкем төңірегіндегілерге осындай мінезімен сыйлы болған. Осы үшін әкемді мақтан етемін. Ол кісіні аталған өңірде білмейтін адам кемде-кем. Диханбай Құсайыновтың қызымын десем әкемді айтып, мейірімін төкпейтін жан жоқ.

Әскерде жауынгерлік міндетін өтеп жүргенде басталған сұрапыл соғысты немісті жеңгенше аяғына дейін атқарып елге Жеңіспен 1945 жылы қараша айында оралды. Жауынгерлік жорық жолын Солтүстік Кавказ жерінен бастап, Краснодар қаласын, Тамань түбегін, Житомир, Корсуно-Шевченко, Львов қалалары, Польша үшін айқастарға қатысып, қайтпас қайсарлығы мен ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған.

Бейбіт өмірге оралған майдангер енді жас ұрпаққа білім беру саласына қайта оралып, «Алғазы» 7 жылдық мектебінде мұғалім, көп ұзамай осы мектептің директоры қызметін атқара жүріп, Қазақ педагогикалық институтын сырттай оқып, жоғары білім алып шығады. Біліктілігі мен

сауаттылығының арқасында көп жылдар аудандық партия-совет орындарында абыройлы қызмет атқарады.

Одан қайта мектепке оралып, Қапал ауданының Ғали Орманов және Ерболған Жайсаңбаев атындағы орта мектептерінде мұғалімдік қызметті атқарып, зейнеткерлікке шығады. «Оқу ісінің үздігі» деген атағы бар. Әкемнің әріптестері, одан білім алған шәкірттері әоның әділетті, әрі талапшыл екендігін баса айтады. Үйдегі бізді де – өз балаларына да осындай қатаң талап қойып тәрбиелейтін.

Ол кісі майдандағы күндері туралы көп айтпайтын, біздің жүрегімізді ауыртпайын дейтін шығар. Жалпы, «соғыс деген суық сөзді қалайша әңгімелеуге болады?» - деп ойлаған сияқты әкем.

Біз әкемізден тоғыз қызбыз. Әкемізге ер бала сияқты үй шаруасына көмектесетінбіз: ағаш жарамыз, аралаймыз, аула мен сарайларды жинастырып, тазалаймыз. Қоқыс шығару мен үй тазалығын сақтау ол айтылмай орындалатын шаруалар болатын.

Осылайша, еңбекке баулуды әліміз келетін жұмыстар беріп тәрбиелейтін. Мысалы, Молалыда су тапшы болғандықтан, бақшалық жерді Қызылағаштан бөлетін. Сол жердегі бақшамызды біздің әкеміз

Ковальчук дейтін кісінікіндей жайқалтып өсіруге тырысатын. Жер аударып, оны атыздарға бөлу, қарбыз, картоп, пияз, қауын, жүгері – қысқасы, үйге керек көкөністің бәрін отырғызып, өнім болып шыққанда қуанатынбыз. Әкем бізге таза ауада еңбектен кейінгі демалыста ішкен шәйдің дәмі қандай тәтті болатынын сезіндіруші еді...

Анамыз дүниеден ертерек кетсе де біздің әкеміз 10 баласын өзі жеткізіп, азамат етіп өсірді. Бүгінде өсіп келе жатқан 20 немересі бар. Олар атасының соғыс ардагері екенін мақтанышпен айтып отырады.

Еңбекпен қатар, әкем бізді кітап, газет-журнал оқуға үйрететін. Әр баласының қуанышы мен ренішін бөлісіп, бізге жөн сілтеп қана қоймай, немерелеріне да бағыт-бағдар беріп отыратын. Асыл әкеміз 2016 жылы көз жұмды. Он жылдан бері 9 мамырда соғыс ардагері әкеміздің ортамызда жоқ екені жанымызға батады. Қарт майдангер Диханбай Құсайынов әкеміздің жауынгерлік рухына тағзым етіп, басымызды иеміз!

Фазилия ҚҰСАЙЫНОВА,
Қызы
Павлодар қаласы

БАЙҚАУҒА

ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

АЛАТАУ ГАЗЕТІНІҢ ШТАТТАН ТЫС ТІЛШІЛЕР АРАСЫНДА 1941-1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ СОҒЫС МАЙДАНЫНДАҒЫ ЖАУЫНГЕРЛЕР ЕСІМІН ЕСТЕ САҚТАУ МАҚСАТЫНДА БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНҒАНЫН ОҚИ ОТЫРЫП, МЕНІҢ ДЕ БАЛА КЕЗДЕ СОҒЫС УАҚЫТЫНДА ӨЗ АУЫЗДАРЫНАН ЕСТІГЕН, БІРЕР ЕСІМДЕ ҚАЛҒАН ӘҢГІМЕЛЕРДІ ЖАЗУ ҮШІН ҚОЛЫМА ҚАЛАМ АЛДЫМ. ОЛАЙ БОЛСА, ӨТКЕН КҮННІҢ ЕСТЕЛІГІН НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНАМЫН.

Отан соғысы басталған сәтте сол кездегі Алматы облысы, Барлітөбе ауданына қарасты Көпбірлік колхозынан соғысқа әкемнің інісі Құлабай ағам мен Әрін нағашым да кеткен. Біраз уақыт хат хабар келіп тұрған. Соңғы хаттарында «Бір-екі рет соғысқа кірдім. Енді қайда әкететіні белгісіз», деген хаттар келді. Содан кейін хабар жоқ. Қолымның жеткен жеріне дейін іздедім. Соғыс біткеннен кейін де үмітім үзілмеді. Бірақ осы екі бауырымның ерліктері жайлы деректерді еш жерден таба алмадым. «Мүлде хабарсыз кетті», деп әкем Сейтжапар, шешем Шөже екеуі жылап отыратын.

Үйде жалғыз қалған кезде немесе іс машинасымен киім тігіп отырып, апам марқұм дауыс салып, айқайлап жылайтын. «Есіл ерлерім! Қайда қалдыңдар?» деп өмірден өткенше жылап өтті, жарықтық. Артында қалған балалары, немерелері де еш дерек таппады. Көңілімізде тек Көпбірлік ауылында ардагерлерге арналған ескерткішке алтын әріппен жазылған есімдері ғана қалды. Бұған да шүкіршілік етеміз. Амал қанша?! 1942 жылы атамыз Несіпбек Сақтағанов 18 жасында екі ағасымен бірге соғысқа аттанады. Соғыс даласынан келген хатында: «Бізді бірнеше ай соғысқа дайындады. Өне-міне дегенше соғысқа кірдік. Бірінші кірген соғыста бір ротадан жеті-ақ адам тірі қалдық. Кімнің



қайда қалғанын білмейміз. Бірнеше уақыт қайта жасақталып, тобымызды көбейтіп ұрысқа кірдік. Айғай, аттанды былай қойғанда жарылған бомба дауысы, мылтықтың атысын көрген біздерде зәре жоқ. Бораған оқтың іші. Бұл Минск түбіндегі бір ауыл еді. Еңбектеп келеміз. Бір уақытта бір нәрсе сарт ете қалды. Ары қарай есімде ештеңе жоқ, қанша күн, қанша уақыт өткенін де білмеймін. Көзімді ашсам шөлден өліп барам, жан-жағым толған өлік. Қимылдасам, денемді қозғалта алмаймын. Көктем уақыты, наурыз айының іші еді. Қисайып қан аралас ағып жатқан суды қолыммен іштім. Ары қарайғы сәт есте жоқ. Есім кірелі-шығасылы. Қаңғыр, күңгір алыстан ба, жақыннан ба дауыстар естіледі. Иттің үргенін естіп жатырмын. Тағы бір есімді жисам, ұзын бойлы әскери киім киген бір адамды көрдім. Өзбекбайжан ұлтынан болса керек. «Тірісің ба?» деді. Сөйлеуге тіл де жоқ. Менің тірі екенімді біліп, арқасына көтеріп алып жүрді. Үлкен

бір жер астындағы үңгірге алып келді. Есімді қашан жинағаным белгісіз. Оянсам госпитальде жатыр екенмін. Бірнеше күннен кейін ес жинадым. Бір жылға тақау госпитальде жаттым. Аяғым жоқ. Менен туған жерім, туған туыстарымды сұрады. «Егер сізді біреу іздесе ғана қайтасыз, әйтпесе өкіметке өткіземіз», - деді. Мен ұзақ жатып, жыладым. Бір күні бір хат келді жазуын адам танымайды, әйтеуір Көпбірлік деген сөзі бар. Сөйтсек, ағамның 6 сыныпта оқитын Жарқынбек інім жазған хат екен. Міне, менің елге қайтуыма осы хат себеп болды. Аман-есен елге келіп, еңбекке араласып, балалы-шағалы болдым. Бірақ жүректегі соғыс салған жара ешқашан ұмытылмады. Бір кеңшардан кеткен ерлер бірлі-жарым ғана келдік. Барлығы көз алдымда. Еш уақытта ұмытылмайды», - деп жазған. Кейіннен атамның соғыс даласында болған оқиғаларын өз аузынан естідім.

Жеңістің ақ таңын жақындатқан сарбаздардың жанқияр ерлігі – уақыт өткен сайын көмескіленетін жай ғана тарих емес, ол – ұлт жадында мәңгі сақталатын қасиетті аманат. Олардың от пен оқтың ортасында көрсеткен қайсарлығы, ел мен жер үшін төккен қаны мен тері бүгінгі бейбіт өмірдің бағасын терең сезінуге үндейді. Сондықтан бұл ерлік ешқашан ұмытылмауы тиіс.

Жас ұрпақ үшін сол бір қиын-қыстау кезең – тек өткеннің сабағы ғана емес, ол – патриотизмнің, табандылықтың,



Суретте Несіпбек ақсақал немересі Айжанмен

елге деген адалдықтың айқын үлгісі. Батырлардың ерлігі туралы естелік жүректерде жаңғырып тұрғанда ғана, болашақ ұрпақ өз елінің қадірін түсініп, оны қорғауға әрдайым дайын болады. Ұмытылмаған тарих – ұлттың рухани тірегі. Сондықтан да жеңісті жақындатқан сарбаздардың есімі мен ерлігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, әр жүректе мақтаныш пен құрмет сезімін оятуы керек. Бұл – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа деген жауапкершіліктің де көрінісі.

Шәкім СЕЙТЖАПАРҚЫЗЫ,
зейнеткер ұстаз,
Еңбек ардагері
Талдықорған қаласы

АҚҚАБАҚ БИ,

Сембек ӘБДІ-РАХМАН
«Алатау»



Жақсыбай

Әлішер

көп жылдар бойы той басқарып жүрген танымал асаба, сөзге шешен, домбырамен дәстүрлі әнде салғанда тыңдармандарды риза ететін жоғары деңгейдегі азамат.

МЕРКІДЕГІ ТҮСТЕНУ

Ғалым Алматыдан шыққалы бері құлақ құрышын қандырып әңгіме айтып келеді. Кенеттен жақсы әңгімемізді шыр еткен менің телефонымның қоңырауы бұзып, елең еткізді.

- Алоо!

Ар жағыннан таныс дауыс - менің студент кезден бергі досым Бақытхан Жақанұлы Әбжаппаров болып шықты.

- Сен келе жатыр дегенді естіп, жол бойындағы кафеге шай дайындаып



Нұрғалимен бірге

1 сағаттай уақыт кетті. Одан әрі арнайы күтіп тұрған жеңіл көлікке отырып, 50 км. қашықтықтағы Абай ауылындағы Нұрғали Әлиевтің үйіне сағат 18.00 шамасында келіп тоқтадық. Жиналып, күтіп тұрған ағайындар бәрімізді жылы қарсы алып, бірден үйдегі жаюлы тұрған дастархан басына шақырды. Дастархан басында бір-бірімізбен танысып болып, Аққабақ баба туралы аздаған мағлұматтар алдық. Бұл жердегі қазақтар Аққабақ бабаны би және әулие ретінде таниды екен.

АҚҚАБАҚ БИ

Суан атаның бірінші әйелінен Қарабас, одан Албаба, одан Ханбағыс, Досбағыс, Есбағыс деген үш ұлдан ұрпақ өсіп-өнген.

Суан атаның екінші әйелінен екі ұл Бәйтүгей, Тоғарыстан.

Бәйтүгейден Елтінді, Жылгелді деген екі ұл болады. Елтіндіден туған бір ұл Молақ. Жылгелдіден Алдияр, Аққабақ, Елшібек туады. Аққабақтан Құдайберді, Сатай атты екі ұл туады.

Құдайбердіден Мәтек, Аманқұл, Ақбура туады.

Мәтектен Көтен, Дуан, Аманқұлдан Байдан, Арыстан, Қаблан, Тасыбек. Ақбурадан 4 бала туады (аттары әзірше бізге беймәлім).

«Суан Жылкелдінің ұлы Аққабақ қазіргі Ташкент облысындағы Бостандық, Құрама өңірінде айтулы би болған. Ол кісінің шешендік байламдары жайлы мол мұра қалған. Соның бірі:

Қарындасың жамалың,
Ағайының қамалың,
Дос күліп дұшпан табалар,
Тайып кетсе табаның.

Балаң жаман болса күнің шықпайды,
Әйелің жаман болса уің шықпайды,
деген өмірлігі мен елге тарап кеткен аталы сөздер.

Аққабақ би замандастары арасында үлкен беделге ие, сыйлы, дос-жарандары көп адам болған деген сөз ел арасында көп айтылады. Аққабақ бидің шақыруымен Шыршық қаласынан арнайы келген Дулат бабамыздың ұрпағы Қыбырай батыр әңгіме үстінде Аққабақтың жанында отырған 4-5 жастар шамасындағы баласы Сатайға қарап: «Суан бала атың кім?» - десе Сатай: «Атым Сатай, затым Суан, қаным қазақ», - деп шұбырта жөнелгенде баланың жауабына риза болған Қыбырай батыр: «Бәрекелді! Нағыз батыр болатын бала екенсің!», - деп Сатайға естелік ретінде өзін қылышпен тарту еткен. Сыйлыққа қуанған бала Сатай - «Ата мен енді бұл қылышпен қалмақтың басын шабамын», депті.

Айтқандай-ақ, Аққабақ бидің баласы Сатайдың өскен кездегі батырлығына тарих куә болды» (Сәрсенбі Дәуітұлы филология ғылымдарының докторы, профессор. Би. Әл-Сатай А.Рамазанұлының «Аққабақ би атты кітабынан»).

САТАЙҒА БАТА БЕРГЕН ҚЫБЫРАЙ БАТЫР КІМ БОЛҒАН?

Қыбырай Жайылмысұлы (1589-1682 жж.) Жаныстың шөбересі. Ташкенттен жоғары Шыршық өзенінің оң жағасында тұрды. Есім хан мен Ташкент билеушісі Тұрсын хан соғысында, Қыбырай батыр Есім хан жағында болған делінеді. Жеті атасына дейін жатқа білу әр қазақ баласының азаматтық парызы саналған. «Жеті атасын білмеу - жетесіздік», «Жеті

дің журналистика факультетін бітіріп, жолдамамен Талдықорған қаласынан шығатын «Октябрь туы» газетінде 1 жыл жұмыс жасап кеткен екен. Ол кісілердің әңгімесіне қарағанда, Аққабақ бабаның қай рудан екені белгісіз. Отырған жігіттер Аққабақ туралы жан-жақты сұрастырып, «бір хабарын айтамыз» - деп қоштасып, Жақсыбайды шығарып салады.

Бұл жерде бір айта кететін жайт - Жақсыбай бауырымыздың тәуекелінің күштілігі. Басқа республикада танымайтын жерге барып, бабамызға іздеу салу дегенді ерлікке балау керек. Кез келген адам дәл осылай істейді деп ойламаймын.

Демалыс уақыты бітіп, Жақсыбай әуежайға келгенде телефонына қоңырау түсіп, Әлішерден жақсы хабар естиді. Өзбекстанда Аққабақ баба кесенесі бар екенін айтып, суретін жібереді.

Елге жеткен Жақсыбай қатты қуанып, қуанышын бауыр-туыстармен бөлісіп, сүйінші хабарын жеткізеді.

Талдықорғандағы ағайын-туыс бас қосқан жиында Өзбекстанның Бостандық ауданына барып, Аққабақ бабаның басына бір мал сойып, құран бағыштап, тәу етіп қайтқан дұрыс деп шешіп, жағдайы келетін 6-7 адам ақылдасып жолға шықпақ болдық. Содан телефон арқылы хабарласып, Алматыдағы баласының үйінде жатқан Әлішерді бізге жол сілтеп, бағыт көрсетуін сұрадық. Өрі бізді өзге ағайындармен таныстыру үшін бірге жүргені жақсы болар еді.

Әлішер - руы Қара қаңлы, Бостандық



Курстас дос Бақытхан

отырмын. Қай жерде келе жатырсындар мен сендерді жолда күтіп тұрмын, - деп тұрған орнын хабар етті. Сонда ғана Жамбыл облысының Меркі аудан орталығына таяп қалғанымызды білдік. Күткен жерде жолығысып, мәре-сәре болып кафеге кірдік. Дастарханды жайнатып, сусынның түр-түрі, Меркінің сары қымызы сапырылып құйылып жатты. Бақытханның қасындағы Ернат деген азамат әумин деп, қойдың басына бата сұрады. Ішіміздегі үлкеніміз Әлішер болғандықтан бата беріп, бізге арналып сойылған қойдың етін жеп болған соң, Бақытхан батыр атасы Жауғаш батыр жайындағы қалың кітабын сыйға тартып, менің иығмыша шапан жауып, бабасын іздеп бара жатқан біздің топқа сәт сапар тіледі. Мен де үйден арнайы алып шыққан «Сырласым - сыршыл өлеңім» атты өлеңдер жинағымды сыйға тарттым. Бақытхан екеуіміз 1978-1982 жылдары КазПИ-дің математика факультетінің күндізгі бөлімін бірге оқып бітіргенбіз. Бақытхан әртүрлі жұмыс жасады. Шу аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығынан, Жамбыл облыстық өкімшілігінің Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы, Қазатом ұлттық «Демеу» еншілес кәсіпорнының бас директорының орынбасары және «Бәйтерек» кеме құрылысын бақылайтын В.С.Школьниковтің тікелей өкілі, кейінірек зейнетке шығар алдында Меркі ауданы өкімінің 1-ші орынбасары болды. Арада басқа да лауазымды істер атқарды. Бүгінгі күні зейнеткер. Жеке шаруа қожалықта ауыл шаруашылығымен айналысуда. Біз Бақытханның жол бойындағы сый-құрметіне риза болып қоштасып, әрі қарай жолды жалғастырып кеттік.

ҚАПЛАНБЕК - КӨРШІ ЕЛМЕН ДОСТЫҚ КЕДЕНІ

Машинаны тоқтатпай, кезектесе жүргізе отырып, 1000 шақырымнан астам жолды артқа тастап, Қазақстан мен Өзбекстан шекарасындағы Қапланбек елді мекенінде орналасқан кеденге жетіп, көлікті осы жерге қалдырдық. Сол кеденде бізді тосып тұрған ініміз, Жетісу облысының бас имамы Керімбек Сәрсембайұлы Дәуітов және жасы бізден үлкен Керімбектің әпкесі Оралхан алай тобымызға қосылды. Кеденнің барлық тексерулерінде адам көп болғандықтан,

ТАШКЕНТКЕ САПАР БАЛПЫҚ БИ КЕНТІНЕН БАСТАЛДЫ

Біз Жақсыбай екеуіміз Балпық биден LEXUS - 570 маркалы көлікке отырдық.

Алматыдан аталас бауырлар Шәріп, Ғалым және бізге жол көрсету үшін бірге барып қайтуға келіскен Әлішер Нарбай үшеуі біздің көлікке отырды. Көлікті жүргізуші Ғалым ініміз жан-жақты өнерпаз азамат,

ӨЗБЕКСТАНДА ЖЕРЛЕНГЕН БАБА ЗИРАТЫН ІЗДЕУ

Жақсыбай өзіміздің Көксу ауданы, Балпық би кентінің тұрғыны. Үйінде жұмыс жасаған өзбек жігіттерімен әңгімелесе жүріп, Өзбекстанның Бостандық туманында (ауданында) Аққабақ деген ауыл бар екенін естиді. Одан бері 3-4 жыл уақыт өтсе де, Аққабақ атты ауыл ұдайы ойынан шықпайды. Содан жол түсіп, 2025 жылы желтоқсанда Ташкент қаласындағы «Таш терминал» демалыс орнына барып демалудың сәті түседі.

Ойда жүрген істің оңтайы келді-ау деп, бір күні таңғы астан кейін «тәуекел» деп, Бостандық туманына (ауданына) таксиге отырып, жүріп кетеді. Ташкент пен Бостандық ауданының орталығы



Аққабақ баба кесенесі

Оқ Қовоқ ота хақида
Мағлұмат

Олма шаһрида «Нурли Алом» наشريда 1986 йили Китооб булиб босилиб чиққан «Бағис Суан» да ёзилгича Оққовоқ ота Тошкент вилоятининг Бустонлик туманида, Толовоқой кишлогида, Қибрай туманида Оққовоқ отани авлодлари ва узи яшаган.

Оққовоқ отанинг отаси Энгелдек, Бобоси Байтўғай ва ката бобоси Суан деган «бек» булган экан.

Киш вақтларида Тройцкий, Қибрай туманида яшаган. Ёз вақтларида асосан Хумсон кишлогида яшаган.

Оққовоқ ота хақиқатпарвар, одил кучли инсон булган, хақиқи как йўлга бошлаган ва фақат хақиқатни галирган.

Отанинг фойдали гаплари, қилган ишлари, дуолари хақи орасида тез тарқалиб кетган.

Оққовоқ отанинг иккита угли булган. Тасибек ва Сатай ботур булган.

Биринчи угли ёш вақтида вафот этган.

Бу мағлұмотлари 1986 йилда «Нурли Алом» наشريёти «Бағис Суан» китоби автори Бекбосин Кубек угли Олма Ота шаҳрида босиб чиққан

Шыршық қаласының арақашықтығы 50 км шамасында екен. Бесін намазы уақыты таяп қалғандықтан, орталық мешіттің қасынан түсіп, намаз оқиды. Өзімен қатар тұрып намаз оқыған Әлішер атты азаматпен танысып, жөн сұрасып, жүрген шаруасын айтады. Әлішер сол Бостандық ауданының тумасы екен. Жасы 75-ке келсе де әлі ширақ.

Әлішердің бір баласы Алматыда, екінші баласы Бостандық ауданында өзінің туып өскен жерінде тұрып қалған. Әлішер Жақсыбайды ілестіріп, Абай ауылында тұратын Нұрғали деген қазақ азаматының үйіне алып барады.

Ас, су іше отырып «Аққабақ біздің бабамыз еді, сол кісі жөнінде мағлұмат білу үшін осы жаққа келіп едім», дегенде үй иесі Нұрғали бірден Әбдісалық деген ауыл адамына телефон шалып, шақыртып алады.

Әбдісалық жас кезінде КазГУ-

ӘУЛИЕ БАБА

атасын білген ұл – жеті жұрттың қамын жер» деген нақыл сөздер – соның айғағы. Ал Қыбырай бабамыз қазақтың ұлт болып ұйысуына, халық болып қалыптасуына, мемлекетті нығайтуға өзіндік үлес қосқан ерек тұлғалардың бірі. Олай деуімізге себеп, Жаныс ұрпақтарының даңқы дүркіреген тұс – Төле би Әлібекұлының үлкен саяси аренаға шығуымен байланысты. Қыбырай – Төле биден жетпіс жастай үлкен немере ағасы, яғни Жанту, Жайылмыстан Қожамберді мен Қыбырай бірге туған. Ал Қожамбердіден Әлібек, одан Төле тарайды. Өз дәуірінде Дулат ішіндегі аузы дуалы би, атақты шешен саналған Қыбырайдың қартайып, жасы тоқсанға қараған шағында 15 жасар Төле Түркістанға хан ордасына қызметке аттанарда «Үй баласы ма деп едім, ел баласы екенсің. Ауылыңның таңы бол, маңдайдағы бағы бол!», – деп берген батасы тарихта қатталып қалған.



Шыршық өзеніне салынған Аққабақ атындағы ГЭС

ЖАҢА ЗИРАТХАНА БАСЫНДАҒЫ БАҚЫТЖАННЫҢ ӨНГІМЕСІ

Жаңа зиратхана басындағы шырақшы Бақытжан Ералы деген азаматтан Аққабақ

сұрағанымызда, ол былай деді: Бұл өңірде Аққабақ би атаны періште пірі (жас сәбилер пірі деген мағынада) деп аталып келді. Себебі жүрген жерінің бәрінде ата алдынан кездескен жас балаларды қуанып, қалтасынан өрік, мейіз, жаңғақ т.б. тәтті заттарды ұдайы таратып жүретін болған. Жас балаларға қамқор болуды ұдайы ел жиналған орындардың бәрінде айтып жүрген. Ол кісі: «Ақыр заманның басталуы – тірі жетімдердің тасталуы» - деген екен. Жаңа отау құрған жастарды маған алып келіңдер деп жас отауларға отбасының берік болу жолдарын, махаббаттарының тиянақты, шаңырақтарын шайқалтпай, бір-бірімен сыйластықта болуы керектігін айтып, батасын беріп отырған. Тіпті кейбір бала сүйе алмай жүрген отбасылар атаның батасы мен құран сүрелерін оқи отырып, үшкіріп бергеннен кейін балалы болып, ұрпағы өскендер ел ішінде аз емес. Қазірдің өзінде де жас отбасылар атаның басына келіп, тәу етіп тұрады. Аққабақ бабаның Құдайберді, Сатай деген екі ұлы болған. Екеуі де үлкен рулы елге айналды. Сатай бар қазаққа аты танымал қол бастаған батыр болды. Қангелді, Райымбек батырлармен бірге кейінірек Қабанбай батырмен бірге жүріп, қалмақтарға қарсы соғысқан.

Осы сапарда Аққабақ баба зиратын іздеп келіп тауып отырған азаматтар бірі Сатай баба ұрпағы. Құдайбердінің немересі Ақбура әкесі Аққабақты қартайған шағында күтіп, бағып қаққан екен. Ақбураға риза болған әкесі Аққабақ Ақбураға бата беріп, сонымен қатар қасиетін де беріпті деген аңыз бар. Осы өңірдегі адамдардың көбісі

Аққабақ атаны әулиеге балайды. Сол сияқты Ақбураның да әулиелік қасиеттері бар екенін мойындағандар ел ішінде көп. Ел ішінде «Ақбура әулие таң намазын Қазықұртта, бесін намазын Түркістанда, қалған намаздарын Мекке мен Мединеде оқиды деген сөз бар», – деп Бақытжан сөзін аяқтады.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ АБАЙ АУЫЛЫНДАҒЫ АҒАЙЫНДАРМЕН ҚОШТАСУ

Біз сағат 11 шамасында қайтадан Нұрғалидың үйіне оралып, дастархан басында Керімбек имам құран оқыды. Ортаға қойылған арнайы сойылған малдың етінен ауыз тие отырып, бізге құрмет көрсеткен ағайындарға, үй иесіне ерекше ризашылығымызды білдіріп, сол отырыстағы үлкендеріне арнайы алып барған шапандарымызды сыйладық. Олар да бізге сондай қарымта жасады. Сол күні таңертең менің қаламымның ұшынан

Бізге де келіп, болыңдар қонақ, Қаратал, Көксу мекенім жәннат. Қарсы алып жылы, жаямыз құшақ, Ұшыңдар, жетіндер байлап ап қанат!

Сонымен, ол жақтағы ағайындармен жылы қоштасып, аттанып кеттік. Олар мінгізген такси бізді Қаптанбек кеденіне жеткізіп салды. Кеденнен өткеннен кейін «қайдасың Жетісуым?» деп жолға шықтық. Елден шыққалы көп уақыт болмаса да жолдың алыстығы ма, елге, туған жерге деген сағыныш сезімі бойымызды билеп келеді.

Еңбек демалысында жүрген Керімбек имам отбасымен өз көліктеріне отырды. Жол жөнекей трассадан 30 шақырым қашықтықта Бағыс бауырлардың Суан бабаға тұрғызған ескерткіш пен саябақты тамашалап, суретке түсіп, бір сағаттай аялдадық. Ескерткіш пен саябақ өте жақсы жасалыпты. Көңілімізден шығып, риза болдық.

Көлікті кезек жүргізіп, жол бойы өңгіме айтып арақидік жүргізуіден басқаларымыз қалғып-мүлгіп, таңға жуық Алматыға одан әрі Балпық би кентіне таңғы сағат 7.30 шамасында жеттік.

Қайран менің Жетісуым, жәннатым, Гүл жайнаған Талдықорған, Алматым. Алыс жолдан аман-есен жеткізген, Жаратқанға шексіз айтар алғысым!

Сапарымыз онды болды. Ары қарай да, бері қарай да еш кедергісіз барып, негізгі мақсатымызды орындап қайттық.



Сатай батыр

АҚҚАБАҚ БИ, ӘУЛИЕ БАБА КЕСЕНЕСІНДЕ

25 сәуір күні таңғы астан кейін екі машинаға отырып, осы Абай ауылынан 10 шақырымдай қашықтықтағы Аққабақ баба кесенесіне жол тарттық. Жол бойы Шыршық өзенін жағалай жүріп, Шыршық қаласына бет алдық. Шыршық өзеніне салынған көпірден өткеннен кейін Аққабақ ауылы деп аталатын елді мекен Шыршық қаласымен жалғасып жатады екен. Одан әрі Шыршық өзеніне салынған Аққабақ баба атындағы 5 гидроэлектр станциясының бар екенін білдік және Аққабақ-1 ГЭС-тің қасынан жүріп өттік. Тарихта аты қалған бабамыздың есімімен көрші елдегі гидроэлектростанция да аталып, есімі ұмытылмағанына риза болып, көңіліміз босады... «Атыңнан айналайын, бабам!» – деген сөздер әрқайсымыздың жүрегімізде тұрды...

Одан әрі жүріп, Аққабақ баба кесенесінің қақпасына келіп тоқтадық. Сол кесенеге қарап қызмет жасап жүрген шырақшы мен бізбен бірге ілесіп барған зиялы азаматтардың айтуынша, бұл кесене Аққабақ бабаның екінші орны екен. Аққабақ бидің жайлауы деп аталатын Шыршық өзенінің жоғарғы жағалауында, «Өгем» өзенінің Шыршыққа құяр тұсында Құмсан, Шарбақ деген жерлердің аты аталды. Алғашқы жерленген орны сол өзендерден 1934-1939 ауыл шаруашылығына егістік алқабын суару үшін канал жүргізу қажет болған соң, Аққабақ ата сүйегін ол жерден көшіріп, осы орынға үкімет қаражат бөліп орналастырып, басына осы кесенені орнатқан. Атаның басына Керімбек имам оқыған құран сүрелері Аққабақ Жылкелдіұлына арналып бағышталды. Атаның кесенесін суретке түсірдік. Сол кесене басында тұрғанда біз атаның сүйегі тағы да басқа орынға көшірілетіндігінен хабардар болдық. Себебі бұл кесененің айналасына көпқабатты үйлер тұрғызылыпты. Болашақта ата кесенесі бұзылып кету қаупі бар деп алдын ала ойластырылып, жаңа ашылған зиратханадан орын тауып, жеке үлкен кесене тұрғызып қойған екен, соны көруге бет алдық. Жаңа тұрғызылған кесене зәулім, биік әрі кең екен. Ішіне кіріп, көріп риза болдық. Жаңа зиратқа көшіру үшін Бостандық тұманы мәхала фухараларының (Бостандық аудан әкімшілігінің) шешімін күтіп отырмыз дегендерін естідік.



тамшылаған төмендегі өлең жолдарын оқып беріп, риза еттім.

Атыңды естіп, іздеп кеп таптық,
Ташкентте жатқан Аққабақ баба.
Кеудемді кернеп қуаныш, шаттық,
Тәу етіп басыңа оқыдық дұға.

Қарсы алды бізді Суандар Бағыс,
Бауырлар туып өсіп, бір өнген.
Ел жұрттан ерек жүрсе де алыс,
Құшағын ашып, қол ұшын берген.

Нұрғали бауыр қондырып үйіне,
Әлішер бізге көрсетті жолды.
Татырлық істі жасады ерге,
Риза болып, көңіліміз толды.

Аман жүр, қош бол, бауырлар туған,
Хат хабар алысып тұрайық әр сәт.
Түбіміз бірге атамыз Суан,
Жазиралы дала, қаласы Жаркент.



Жаңа салынған кесене

Бірге барған бауырларға және бізге жол көрсетуші әрі Өзбекстандағы туыстармен арада дәнекерлік көрсеткені үшін, Әлішер ағамызға өз атымнан және осындағы барлық ағайын-туыс атынан үлкен ризашылықпен алғыс айтамыз.

Елге келген соң көрген, білгенімізді ел жұртпен бөлісіп қуанышқа бөлендік.

Бұл сапарымызды ата-баба рухына құрмет көрсету үшін жасаған перзенттік парыз, міндет деп білеміз.



Суан баба ескерткіші



СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ 10 МАЙДАНДЫҚ БАСЫЛЫМ ЖАРЫҚ КӨРІП ТҰРҒАН

Біріншіден – жауды жеңу керек, екіншіден – майданда жауынгерлермен бірге жүріп, сол жаумен шайқасып жатқан жауынгерлердің ерлігін жазып, оларды рухтандыру – басты мақсат болған.

Қазақ тілінде майданда шығып тұрған қазақша газеттер туралы «Түркістан кз.» сайтында тарих ғылымдарының докторы Тілеубай Келбаев: «Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО Қарулы Күштерінде 4 орталық, 19 майдандық және флоттық, 103 армиялық газет, ал ұлттар тілінде 50 газет шығып тұрды. Оның ішінде қазақ тілінде 10 майдандық, 3 дивизиялық, 1 округтік газет жарық көрді. Олар: «Қызыл әскер ақиқаты», «Қызыл Армия», «Жауға қарсы аттан», «Отанды қорғауда», «Суворовшы», «Қызыл Армия», «Майдан ақиқаты», «Отан намысы үшін», «Отан күзетінде», «Отан үшін ұрысқа», «Дабыл», «Сталин туы», «Фрунзеші» және басқалар - десе. «Жас қазақ кз.» сайтында ЕҰУ әскери кафедрасының оқытушысы, ҚР Қарулы Күштерінің ардагері Әбубәкір Смайылов «Қазақ әскери журналистикасы» деген мақаласындағы зерттеуінде: «1918-1941 жылдары алдымен Түркістан, кейін Орта Азия округінде 50-ден астам орталық, майдандық, дивизиялық (бригадалық), ұлттық басылымдар шығып тұрғанын жаза отырып, «Әскери журналистиканың Ұлы Отан соғысы кезінде атқарған рөлі мен Жеңіске қосқан үлесі ұшантеңіз. Майдан газеттері әдебиетке қаруы да, қаламы да шыңдалған талай майталман жазушыларды берді. Әскери журналистиканың «шинелінен» қазақтың Жұбан Молдағалиев, Сағынғали Сейітов, Серсен Аманжолов т.б. ақын-жазушылары мен тілші ғалымдары шықты. Башқұрттың бас жазушысы Мұстай Кәрім мен қазақтың ақиық ақыны Әбу Сәрсенбаевтың соғыс кезінде бір газетте қызмет жасағанын бүгінде біреу білер, біреу білмес», - деп тұжырымдайды.

ЖУРНАЛИСТ ДЕГЕН ХАЛЫҚТЫҢ АҚПАРАТҚА АШТЫҒЫН, ДӘЛІРЕК АЙТСАҚ, ІЗДЕНУІН БӨРІНІҢ АЗЫҚ ІЗДЕГЕНІНЕ ҰҚСАТАМЫН. КҮНДЕЛІКТІ ЖЕРГІЛІКТІ ЖАҒАЛЫҚТАН БАСҚА ТӨНІРЕКТІ ШОЛУ, ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕНІҢ ОҚИҒАЛАРЫ, ӨТКЕН КҮНДЕРДІҢ ТАРИХЫ... ҚЫСҚАСЫ, ОЙДА МАЗА ЖОҚ. ЖЕҢІС КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА «ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ОҚ ПЕН ОТТЫҢ ОРТАСЫНДА ЖҮРГЕН ӘРІПТЕСТЕРІМІЗ ТУРАЛЫ ҒАЛАМТОРДА НЕ ЖАЗЫЛДЫ ЕКЕН?» - ДЕП ШОЛЫП ШЫҚҚАНДА БҮГІНГІ ЖАС ЖУРНАЛИСТЕРГЕ ҮЛГІ БОЛАРЛЫҚ ТАЛАЙ ДҮНИЕНІ КЕЗДЕСТІРДІМ. СОҒЫСТАҒЫ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ЕРЛІГІНЕ ТАҢҚАЛДЫМ. ҚАН МАЙДАНДАҒЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРДІҢ ЕРЛІГІН ҰЛТ ТІЛІНДЕ ЖАРИЯЛАЙТЫН ГАЗЕТ ШЫҒАРЫП, ОЛАРДЫҢ ЕРЛІГІНЕ РУХАНИ ДЕМЕУ БЕРІП ЖАТҚАН КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯСЫНА ТАҢҚАЛДЫМ.

институтын ойдағыдай бітірген, республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің редакторы болған. Ол бұрын қаламымен қайрат көрсетсе, енді қарумен ерлік танытты. Командир Көшекөв жаумен шайқаста қаза тапты. Құлаған жерінен қайта көтеріле алмай, зеңбіректің қалқанына ерең сүйеніп отырып «Жігіттер, алға!»... деді. Бұл оның соңғы сөзі еді. Көшекөвтың қаза табуы бүкіл бригаданы күйзелтті...

Майдандық газетте Әзілхан Нұршайықовтың «Өсиет» деген өлеңі басылды. Онда «Қызыл Жұлдыз» орденінің кавалері Көшекөв Қажымның «Алға қарыс бассаң да, сүйем кейін шегінбе! Өдет жоқ ондай тегінде» деген өсиеті басылды. Содан бері Көшекөвтың қансырап жатып, жауынгерлерге айтқан үш шол өсиеті газеттің шекесінен - шпигелінен



түспейтін болды. Бұл өсиет сөз бригаданың қазақ халқының хатына жазған жауабына да жазылды.

1943 жылдың 5 мамырында «Баспасөз күніне» арналған жиналыс өтті. Жиналыста ең белсенді әскери тілшілерге, үздік редакторларға құрама командирінің арнаулы бұйрығымен алғыс жарияланды. Алғыс алғандардың ішінде сержант Әзілхан Нұршайықов, сержант Мәншүк Мәметова, аға сержант Мырзағали Усаев, кіші сержант Мағауия Қалиев, жауынгер Бейсенбек Мұстафин, старшина Сабыр Баймұратов, лейтенант Қәби Нұрмағамбетов, капитан Шазада Әтеева болды. Бұл тізімде ең алдымен сержант Нұршайықов есімінің аталуы өте орынды деп есептелді.

Сержант Нұршайықов тек тілші ғана емес, қатаң тәртіп ұстайтын зеңбірек командирі екен. Сондықтан ол Қорғаныс халық комиссариатының бұйрығы бойынша бригада жауынгерлерінің ішінде бірінші болып «Қызыл Армия үздігі» белгісімен наградталған.

1943 жылғы көктемде редакцияға Жамбылдың «Балама хат» деген өлеңі түседі. Бір жерінде ақынның майдандағы Алғадай деген ұлының аты аталды. Тегінде өлең Алғадайға ғана емес, майдандағы барлық қазақ жауынгерлеріне арналған. Өлең бригада газетіне басылды. Әскери құрама басшылығы Жамбылға хат арқылы жауап беру керек деп ұйғарды. «Хат өлеңмен жазылсын, мұны бригада ақыны Әзілхан Нұршайықов жазатын болсын» деген шешім қабылданды. Өзіне жүктелген жауапты тапсырманы Нұршайықов үш күнде орындап шығады. «Атамыз Жамбыл ақынға» деген ұзақ өлеңде жаяу әскер Қарабек Бұрышевтың, артиллеристер Әбдірахман Баймурзин мен Мырзаби Ернарзатовтың, бригада мергені Ыбырайым Сүлейменовтың

және басқалардың ерліктері баяндалды. Хаттың ең соңында осы ерлердің есімдерін Жамбылдың өз жырына қосуды тілек етіп, аяғын былай аяқтаған:

Сұм фашисті, атажан,
Қарыс сүйем ілгері,
Бастырмаймыз, жеңеміз!
Сіз арқылы халыққа
Осылай серт береміз!
Қош болыңыз қарт ата,
Ұсындық, міне, қолымыз!
Талай жылдар тағы да
Сау-сәлемет болыңыз.
Ұлдарыңыздың жеңісін,
Көзіңізбен көріңіз.
Асыл сөзбен ерлерді
Елге жырлап беріңіз!

Хатқа 100-атқыштар бригадасының командирлері мен жауынгерлерінің, саяси қызметкерлерінің атынан 25 адамның қолы қойылып, Қазақстанға жіберілді. Екі айдан соң Жамбылдың «Жүз жасаған жүректен» деген өлеңі келіп, ол бригадалық газетте жарияланды.

«ЖАУҒА ҚАРСЫ АТТАН!» ГАЗЕТІ

Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес Армиясы қатарында 800 мыңнан астам әйел жауынгер болды. Соңғы құжаттық мәліметтерге қарағанда, Қазақстаннан майданға 5875 қыз-келіншек аттанған. Олар самолетпен майданға самғады. Танк жүргізді, барлауға барып, ұрыс даласында мергендік көрсетті. Мергендер мектебін бітірген әйелдер 50 мыңнан астам жаудың көзін жойды. Соның бір айғағы ретінде «Жауға қарсы аттан» газетінің (9 наурыз, 1944 жылғы) аға лейтенант Асқар Закариннің «Мәншүк» деген мақаласында Кеңестер Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың ерлік істері баяндалған. «Оның жанын қиып қорғаған қаласы Невельдің Приамур көшесі мен Торфяной

бұрышы Мәншүк Мәметованың атына өтті» деген сөздер кеудеде мақтаныш отын маздатты.

Сондай-ақ, газеттің дәл осы санындағы «АФИПА» атты мақалада адамды бей-жай қалдырмайды. Подполковник Карл Киттон басқаратын бөлімшедегі жауынгер Ағипа Кенжеғалиеваның ерлік істері кеңінен сөз болады. Жаңбырдай жауып тұрған жау оғына бой берместен, Сталинград түбіндегі ұрыстарда қаһармандық қимыл жасады. Бөлімшенің барлық жауынгерлері мен командирлері «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен наградталды, соның бірі- Ағипа еді...

«ОТАН НАМЫСЫ ҮШІН» ГАЗЕТІ

Бірінші Украина майданының «Отан намысы үшін» газетінің 1944 жылғы 8 қаңтар күнгі санында «Батыр қыз» атты мақалада: «Кеңестер ер азаматтарымен қатар

қасиетті Отанымызды қорғау үшін Зура да майданға аттанды. Сержант Зура Досбергенова бір саяси бөлімде әрі хатшы, әрі машинистка болып істеді. Зура атқарып жүрген қызметін місе тұтпай, қолына қару алып, майданның алдыңғы шебіне барып, ұрысқа араласқысы келді. Ұрысқа бой ұрған өжет қыздың тілегі орындалды... Үлкен ұрыста рота командирі саптан шыққан сәтте Зура үлкен батылдық жасап, ротаны басқарды. Батыр қыздың ерлігі «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталды...

Ұлы Отан соғысының әртүрлі майдандарында қаламы ұшталған қазақ журналистері көп болды. Олардың қатарында белгілі жазушы Қалмахан Әбдіқадыров, журналистер Әнуар Ипмағамбетов, Төлеуай Ақшолоқов, Мұса Дінішев, Төлеу Кұлжин, Әнуар Омарбеков, Жолдас Аймұратов, Шынықұл Қарамерғенов, Сабыр Зәкіржанов, Әбу Сәрсенбаев, Ысқақ Дүйсенбаев, Сабыр Ильясов, Жақия Сейітқазиев, Нығмет Адарғалиев, Қапан Сатыбалдин, Зәбира Айтқожина, Таңсық Мәткәрімова, Түймебай Әшімбаев, Кәрім Османов, Асылхан Тұрғанов, Ақмұқан Сыздықбаев, Бисен Жұмағалиев, Павел Кузнецов, Леонид Макеев, Арсений Петрашко, Баубек Бұлқышев, Рамазан Амангелдиев, Аманғали Сегізбаев, Михаил Калистратов, Бори Линов, Молдажан Толғанбаев, Сәуірбек Бақбергенов, Асқар Закарин, Қасым Шәріпов, Нияз Әбдірашитов, Павел Гончаров, Евсей Барда, Дмитрий Снегин, Ғазиз Әбішев, Андрей Дубовицкий, Сағынғали Сейітов, Әбзәлі Егізбаев, Өтебай Қанахин, Сырбай Мәуленов, Абдолла Жұмағалиев, Амантай Байтанаев, Несіпбай Манашев, Зәкір Құсайынов, Мұхамбетқали Сламқұлов, Сергей Мартыянов, Кемел Тоқаев та бар еді.

Майдандық қазақ газеттеріндегі очерктерде Берлин үшін болған ұрыстар, Берлиннің алынуы, Германияның тізе бүгуі, Кеңес Одағының ұлы жеңісінің салтанаты туралы да кең көлемде жазылған. Олардан халқымыздың қаһарман тұлғасын, соғыстың соңғы кезеңдері жайлы, Берлин үшін болған ұрыстардағы ерлік жайлы деректер табымыз.

/Дереккөз: «Жас қазақ», «turkystan.kz» (24.04.2020ж.) сайттарынан қысқартылып алынды/



Сотрудники редакции газеты «За Родину!» А. Мартынов - старший лейтенант 8-й гвардейской стрелковой дивизии имени Панфилова (слева) и К.Сағындыков - старший лейтенант во время выполнения задания редакции. Северо-Западный фронт, 1943 год

РЕДАКЦИЯДАН: Осы орайда, «Алатау» газеті ұйымдастырған болашақ журналистер арасында Жеңістің 81 жыл толуына қарай жариялаған соғыс кезіндегі газет тілшілері мен фототілшілер жайлы жарияланымдар байқауы туралы айта кетпекпіз. Байқау жарияланған күннен бүгінге дейін (2 АЙДАН БЕРІ), екіншіше қарай, бірде-бір болашақ журналистер байқауға қызығушылық танытпайды. Соған қарағанда, жастар арасындағы өмірге селқосықтық байқауға болады. Көрініп тұрған немқұрайлылыққа жауап іздемедік. Себеп көп... Қалай десек те, бейбітшілік орнағалы биыл 81 жыл толып отыр. Болашақ үшін деп өмірлерін қиған жауынгерлеріміздің асыл бейнесі еске түсіріп, олардың рухы алдында бас иеміз! Ал жылдан-жылға саны азайып бара жатқан ардагерлерімізге қуат тілейміз! Сіздердің өмірлеріңіз қазақтың ұрпағына мәңгі өшпес үлгі!

еді. Ол соғыстан кейін ұзақ жылдар «Социалистік Қазақстан» газетінің (қазіргі «Егемен Қазақстан») редакторы, ҚазТАГ-тың директоры болды. Оның 100-бригадада бірге болған жауынгер жолдастары жайында «Қатардағы қаһарман» және «Қаруластар» деген екі кітабы жарық көрді.

Үшінші батареядағы взвод командирі, кіші-лейтенант Қажым Көшекөвті бүкіл бригада жауынгерлері білетін. Ол Алматыда Коммунистік журналистика

Бейсенбі - Четверг, 14 мамыр

ХАБАР

05.00 Телехикая «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 М/с «Турвозавры»
10.00, 20.00 Т/х «Эшрефтің арманы»
12.00 Телехикая «Келінжан»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 «Неосеть»
14.30 Пульс планеты
14.45 Жер-жанан
15.00 Худ. фильм «БЕН-ГУР»
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
23.00 Худ. фильм «Охотники на Введьм»

10.00 «Әсем әуен»
10.25 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
11.05 «Әсем әуен»
11.45 Д/ф «Ұлттық парктер-ұлттық байлығымыз»
12.00 «Келін BATTLE» / тікелей эфир/
14.20 «19 аймақ»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Агро аймақ»
15.35 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Көлеңкедегі күш»
17.00 «Әу» де /тікелей эфир
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Қарындас»
20.00 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «Национальные парки Казахстана»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Вкус жизни»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Лидер»
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 01.10 «31 әзіл»
09.10 М/с «Аватар: Легенда об Аанге»
09.40 М/с «Губка Боб»
10.10 М/с «Пингвины Мадагаскара»
11.00 М/с «Кунг-фуПанда»
11.50 Худ. фильм «Тысяча слов»
13.40 Кино «Боги Египта»
16.00 Худ. фильм «Рэмбо: Первая кровь-2»
18.00 Худ. Фильм «Рэмбо-3»
21.00 Худ. фильм «Глубоководный горизонт»
23.10 Худ. фильм «Гринго»
02.40 «Time Vine»
03.00 «TikTok show»
03.20, 05.00 «What's up?»
04.20 1001 әзіл
04.30 Bala BATTLE
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 Т/с «Супер 7»
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
08.40 Т/х «Алыс шаһар»
09.40 «Үздік әзілдер»
10.20 М/с «Ну, погоди!»
11.00, 20.00 Сериал «Ветреный»
12.00, 17.00, 18.30, 01.50 Телесериал
13.00, 18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир
13.30 Т/х «Әмірші әйел»
14.50 «КАНИКУЛЫ OFF-LINE-2»
19.30 Новости. Прямой эфир
21.00 Сериал «Далекий город»
23.50 Әзілің жарасса
00.50, 04.50 Жаңалықтар
01.20, 05.20 Новости
04.10 Гүл-гүл шоу

ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости

Жұма - Пятница, 15 мамыр

ХАБАР

05.00 Т/х «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 М/с «Турвозавры»
10.00, 20.00 Т/х «Эшрефтің арманы»
12.00 Т/х «Келінжан»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 «Арнайы репортаж»
14.30 «Пульс планеты»
14.45 Жер-жаһан
15.00 Х/ф «Охотники на ведьм»
16.30 «Cover show»
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
22.00 «Қоғам пікірі»
23.00 Х/ф «Последний рубеж»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Koremiz show»
07.00 «Қайырлытаң Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро Казахстана!»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.50 «Давай поженимся!»
12.45 Сериал «Позднее раскаяние»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz show»
20.00 «Главные новости»
20.30 Парламент online
20.55 Поле чудес

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Әнім сен едің»
08.10 Т/х «Джелаладдин»
09.20 Вечерние новости
10.00 Сериал «Подсудимый»
12.00 Сериал «Клан ювелиров»
14.00 Сериал «Кольцо с рубином»
16.40 Сериал «Дворняжка ЛЯЛЯ»
18.30 Сериал «Однажды в Чукурова»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Чужой ребенок»
01.20 Сериал «Дворняжка ЛЯЛЯ»
02.50 Т/с «Джелаладдин»
03.50 Кешкі жаңалықтар
04.15 КТК қоржыны
05.10 Әнім сен едің

ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.25 К/ф «Үздіктер кітабы»
11.05 «Әсем әуен»
11.40 Д/ф «АПК: от импорта

к экспорту»
12.00 «Әу» де»
12.40 «Әсем әуен»
13.05 «19 регион»
13.40 «DARA LINE»
14.30 «Қарындас» (Талас фильм)
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Лидер»
17.00 «Бір шәугім шай»
18.00 «Мақсатына жеткендер»
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Жетісу жақұты»
19.35 «102» сообщается»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «АӨК. Импорттан экспортқа»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Бауырластық»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Келін BATTLE»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 01.40 «31 Әзіл»
09.00 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»
09.30 М/с «Губка Боб»
11.00 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11.50 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
12.40 Кино «Слайдервик Наследие»
14.30 Х/ф «Перевозчик: Наследие»
16.20 Х/ф «Рэмбо-3»
18.00 Х/ф «Рэмбо 4»
21.00 Х/ф «Невозможное»
23.10 Х/ф «Старикам тут не место»
02.40 «Time Vine»
03.00 «TikTok show»
03.20, 05.00 «What's up?»
04.20 1001 әзіл
04.30 Bala BATTLE
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 Сериал «Краш и крашиха»
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
08.40 Т/х «Алыс шаһар»
09.40 Үздік әзілдер
10.20 м/с «Ну Погоди»
11.00, 20.00 Сериал «Ветреный»
12.00, 17.00, 18.30, 02.20 Телесериал
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
13.30 «Әмірші әйел»
14.50 «Каникулы OFF-LINE-3»
18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир
19.30 Новости. Прямой эфир
21.00 Сериал «Далекий город»
23.50 Әзілің жарасса
01.10, 05.00 Жаңалықтар
01.35, 05.25 Новости
04.20 Гүл-гүл

Сенбі - Суббота, 16 мамыр

ХАБАР

05.00 Т/х «Фатмагүл»
07.00 «Алғашқы»
08.00 «Қазақстаным»
09.30 «Балам үшін»
10.00 М/ф «Пингвиненок Пороро: нападение монстров»
11.00 «Побег из зоопарка»
12.00 Х/ф «Последний рубеж»
14.00 «XXI ғасыр көшбасшысы»
15.30 «Кызык times»
16.45 Телехикая «Келінжан»
19.00 «7 күн»
19.40 Жұмыр жер
20.00 «Cover show»
22.00 Х/ф «13-й Район Кирпичные особняки»
23.45 Сәлем саған туған ел»

ЕВРАЗИЯ

06.00 П@утина
08.00 Главные новости
08.35 Парламент Online
09.00 Х/ф Преданный друг
10.45 Сериал «Наша доктор»
15.00 «QOSLIKE»
17.20 Кино «ДОНОР»
20.00 «Асау жаңалықтар»
20.35 «Заң мен ел»
21.00 Сериал «Другая земля»
01.15 «BEU FEST ASTANA»

КТК

07.05 Әнім сен едің
08.00 Ешкім емес
09.40 Вечерние новости
10.20 Сериал «Чужой ребенок»
14.00 Сериал «Однажды в чукурова»
18.20 «Сағындым сағым жылдар»
21.00 Сериал «Девушка из прошлого»
00.40 «Ешкім емес»
02.10 «Сағындым Сағын жылдар»
04.10 Әнім сен едің

ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.25 К/ф «Үлкен отбасы»
11.05 «Әсем әуен»
11.45 Д/ф «Моя работа – часть меня»
12.00 «Біздің толқын»
12.50 «Әсем әуен»
13.00 «Мақсатына жеткендер»

13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Жетісу жақұты»
14.35 «102» сообщается»
15.00 «Аман болайық»
15.40 «Әсем әуен»
16.45 Д/ф «Менің мамандығым»
17.00 «Шашу»
17.40 «Ауылдан адам көшкенмен...»
18.00 «Абадан»
18.20 «Әсем әуен»
19.00 «Қылышсыз майдан»
19.40 «Әсем әуен»
20.00 «Дала сыры»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 «Апта»
21.30 «Апта»
22.30 Д/ф «Fake You»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 04.40 Әзіл студио
07.00 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.20 М/с «Аватар. Легенда об Аанге»
09.10 М/с «Пингвины мадагаскара»
10.00 «Готовим с Адель»
10.40, 11.20 «Шаншар»
11.00 Саумал
12.40 Кино «Тойхана»
14.20 Кино «Слайдервик: Хроники»
16.10 Х/ф «Университет монстров»
18.10 Х/ф «Каратэ-пацан»
21.00 Х/ф «Доктор стрэндж»
23.10 Х/ф «Глубоководный горизонт»
01.20 «Bizdin show»
03.30 «Тамаша Live»
05.00 «1001 Әзіл»
05.00 «Bala Battle»
05.30 Whats up

7 КАНАЛ

06.02 Әзілің жарасса
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
08.40 Т/х «Алыс шаһар»
09.40 Т/х «Бауырлар»
12.00, 18.00 Телесериал
13.00 Х/ф «Самоотвержная любовь»
16.00 «Жарқыраған жұлдыз»
17.00 Т/х «Әңгімесі ауылдың»
20.00 Сериал «Ветреный»
21.00 Сериал «Далекий город»
23.30 Т/х «Әңгімесі ауылдың»
00.30 Әзілің жарасса
02.40 Гүл-гүл шоу
03.30 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
04.20 Жұлдызды шаңырақта
05.10 Қызықты weekend

04.30 «What's up?»
05.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 Жарқыраған жұлдыз жапырақтар»
07.00, 22.00 «Үзілген жапырақтар»
08.40 Т/х «Алыс шаһар»
09.40 Т/х «Бауырлар»
12.00, 18.00 Телесериал
13.00 Х/ф «Подари мне немного тепла»
15.30 «Шымкент-шоу»
17.00, 23.30 х «Әңгімесі ауылдың»
21.00 Сериал «Далекий город»
00.30 Алдараспан
02.40 Гүл-гүл шоу
03.30 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
04.20 Жұлдызды шаңырақта
05.10 Қызықты weekend

Жексенбі - Воскресенье, 17 мамыр

ХАБАР

05.00 Т/х «Фатмагүл»
07.00 «Алғашқы»
08.00 «Біздің елдің жігіттері»
10.00 М/с «Турвозавры»
10.40 М/ф «Пушистый шпион»
12.00 Х/ф «13-й Район Кирпичные особняки»
13.45 «Әмір өнегі»
15.00 «Азамат»
16.15 Т/х «Келінжан»
19.00 «7 күн»
19.40 Глобальные события
20.00 «Кызык times»
21.15 Х/ф «Сын Рэмбо»
23.00 Рухты әлем

ЕВРАЗИЯ

06.00 «П@утина»
06.45 Асау жаңалықтар
07.20 Заң мен ел
07.45 Сериал «Невеста из Москвы»
11.50 Сериал «Другая семья»
14.00 Говорим о главном
15.00 «Другая семья». Продолжение
17.25 Х/ф «Красавец и Чудовище»
20.00 «Аналитика»
20.50 «Анықтаймыз. Руслан Өтепбаймен»
21.40 Сериал «Украденное счастье»
01.45 «Что? Где? Когда?»
02.45 Х/ф «Кеш қалмайық»

КТК

07.05 «Сағындым сағым жылдар»
09.00 Ө/ф «Ақтық демім қалғанша»
18.20 «Nurbullin» ән кеші
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Реальная мистика»
01.30 Ө/ф «Ақтық демім қалғанша»
02.50 «Nurbullin» ән-кеші
05.00 Әнім сен едің

ЖЕТИСҮ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 «Апта» (қаз)
10.00 «Апта» (рус)
11.00 «Шашу»
11.45 Д/ф «Арнайы

экономикалық аймақтар»
12.00 «DARA LINE»
12.45 «Әсем әуен»
13.00 «Қылышсыз майдан»
13.40 «Дала сыры»
14.00 «Келін BATTLE»
16.15 «Әсем әуен»
16.45 Д/ф «СЭЗ в экономике Казахстана»
17.00 «Шашу»
17.40 «Агро аймақ»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Бір шәугім шай»
20.35 «Әсем әуен»
21.00 «Угәгәй melody»
22.00 «Әсем әуен»
22.30 Д/ф «Бағбан»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 05.00 Әзіл студио
07.00, 02.00 «31 әзіл»
07.30 «Тәтті шоу»
08.00 М/с «Аватар: Легенда об Аанге»
08.50 М/с «Губка Боб»
09.20 «Готовим с Адель»
10.00 «TeleBingo»
10.30 «Күліп All»
11.00 Саумал
11.20, 03.00 «TikTok show»
11.30 Х/ф «Университет монстров»
13.30 Х/ф «Каратэ-пацан»
16.20 Х/ф «Доктор стрэндж»
18.40 Х/ф «Невозможное»
20.50 Х/ф «План побега»
23.00 Х/ф «Александр»
03.30 «Time Vine»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 «BALA BATTLE»

106-ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АТТЫ ӘСКЕР ДИВИЗИЯСЫ

Қазақ халқы қол бастаған көсемге де, сөз бастаған шешенге де кенде болмаған. Оған көрі тарих куә. Өткен ғасырдың ортасында жер бетін алапат соғыс өрті шарпығанда алғашқылардың бірі болып қолына қару алған да қазақ батырлары болды. Елдің шетін жау баспасын деп, бақ-береке қашпасын деп атқа қонған есіл ерлердің атын атап, түсін түстесең таңды таңға ұрға болады. Алайда, сол неміспен болған қан майданда жауға қарсы шапқан атты дивизияның ерлігі көп айтылмайды, сондықтан болар олар туралы бүгінгі ұрпақ мүлдем хабарсыз десек қателеспеспіз.

Бұл дивизияның бұрынғы Ақмола қаласында құрылғаны жөнінде ешкім ештеңе айтқан емес. Қарап отырсаңыз, әскери құрылымның барлық саласынан – атқыштар мен артиллерияшылар арасынан да, жаяу әскер мен авиациядан да, партизан отрядтары мен идеология қызметкерлері ішінен де қазақтың тау тұлғалары кездестіресіз. Тек бір әскери салада ғана қандастарымыздың есімі ескерусіз келген еді. Ол – кавалерия, яғни, атты әскер жасақтары болатын. «Түбіміз – түркі, түлігіміз – жылқы» деп ұрандатқан алаш арыстарының ұрпақтары шын мәнінде бұл бөлімдерде болмағаны ма? Болса, неге күні бүгінге дейін бізге бұл жай беймәлім болып келді?..

1941 жылдың желтоқсаны мен 1942 жылдың наурыз айлары аралығында Ақмола (қазіргі Астана) қаласында 106-Қазақ ұлттық атты әскер дивизиясы құрылады. 1941 жылдың 24 қарашасында өткен Ақмола қалалық партия комитетінің бюросында ұлттық әскери құрамға ең мықты деген азаматтарды қызметі мен лауазымына қарамастан қабылдау қажеттігі айтылып, дивизияның командирлігіне майор Борис Панков, комиссарлығына Темірғали Мәмбетов, саяси жетекшілігіне Нұрқан Сейітов, штаб бастығына майор П.М.Осадченко тағайындалады. Саяси бөлімнің бастығы Сағадат Құлмағанбетов деген азамат болған. Аталған дивизияға қабылданғанға дейін Сағадат Құлмағанбетов Ақмола облыстық партия комитетінде екінші хатшы болып қызмет атқарғанын айта кеткен жөн.

ЖАЛАҢ ҚОЛМЕН ЖАУҒА ҚАРСЫ ШАБУ

Әскери жасақ құрамында үш полк, артиллериялық дивизион, мал дәрігерлік қызметі, дәрігерлер



және күзет взводы болған. Жалпы адам саны 4091 екені дивизияны қабылдау актісінде көрсетіледі. Бұл қабылдау актісі кездейсоқ табылып, тарихшылар үшін сенсацияға балады. Өйткені, бұл әскери құрам жайындағы деректер Ресей Федерациясы мұрағаттарында мүлде кездеспейді деуге болады. Оның себебі кейінірек баяндалады.

Осы 4091 жауынгерге небәрі 102 винтовка, 43 дана 50 миллиметрлік, 18 дана 82 миллиметрлік миномет берілген. Автомат пен тапанша мүлде болмаған. Көлікпен де толық қамтамасыз етілмеген, жылқы саны 3180 бас қана. Ақыр аяғы оларға қылыш та жетпеген.

Майдан шебіне аттануға қамданып жатқанда, 1942 жылдың 16 наурызында жоғарыдан 106-атты әскер дивизиясын таратып, басқа әскери құрамдарға бөлу туралы бұйрық шығады. «Майдан даласында 106-ұлттық әскери құрам

болмады» деген қате ақпараттың тарауына осы бұйрық себеп болған сияқты.

Бұйрық шыққан сәттен төрт тәулік өткенде басшылық бір бұйрық шығарады. Онда Ақмола дивизиясы жедел түрде майданға жіберілсін деп көрсетілген. Сонымен 106-дивизия 1942 жылдың 23 наурызынан бастап эшелондарға бөлініп, майдан шебіне аттанады. Ең соңғы эшелон ұрыс даласына сол жылдың 12 мамырында келіп жетеді және генерал А.Носков басқарған 6-атты әскер корпусына қосылады. Осылай қазақ жауынгерлері Харьков маңында соғысқа кіріседі.

Таяуда еш жерде жарияланбаған бір құжат табылды. Мұнда 1942 жылдың 9 мамырында 6-атты әскер корпусында өткен жиналыс жайында сөз болады. Онда: «...бүгін корпус 4175 адамнан тұратын толық атты әскер дивизиясымен толықтырылды. Оның ішінде басқарушы құрамда 356 адам бар,



528 адам кіші командир, 3291 адам-қатардағы жауынгер. Дивизияның басқарушы құрамы - 200 адамдық командалық құрамнан, 59 саяси кеңес мүшелерінен тұрады. Әкімшілік-шаруашылық құрамда 31, медперсоналда 27, малдәрігерлік құрамда 21, техникалық құрамда 7 адам бар. Дивизияның 90 пайызы қазақ... Жол бойындағы және әңгімелесудегі байқауларға қарағанда жеке құрамның саяси-

да қазақ дивизиясы соғыса отырып 50 шақырым ілгері жылжиды. Алайда, Красноград қаласы үшін болған шайқаста әскери құрамның азық-түлік қоры таусылады, оқдәрі бітіп, күш сарқылады. Жауынгерлер бірнеше тәулік бойы ұйқы көрмегендіктен, тамақ жетіспегендіктен қатты шаршайды. 1942 жылы 26 мамырда дивизия ақырғы айқасқа шығып, күйрей жеңіледі. Жауынгерлерге не әуеден, не құрлықтан көмек болмаған. Танк бригадасының, тіпті, жанар-жағар майы да таусылып қалады. Сөйтіп, танкистер танктерін жау қолына түспес үшін өздері жарып жіберуге мәжбүр болды.

Қызыл Армия бұдан соң аз уақыт қарсылық көрсеткенімен қоршаудан түпкілікті шығу мүмкін болмады. 600 мың адамы бар Оңтүстік-Батыс майданында 23 500 жауынгер ғана аман қалды. Қалғандары қаза тауып, біраз бөлігі тұтқынға түскен. Осылай «Харьков қазанына» қақпақ қойылды.

Осы оқиғаларды өз көзімен көрген куәгерлер: «Қала маңы қасапханаға ұқсап кетті. Адам мәйіті мен өлген жылқыдан аяқ алып жүргісіз. Жағымсыз күлімсі иістен тыныс алу мұңға айналды. Немістер ұшақпен айналаға хлор қосындыларын сеуіп, иістің бетін қайтарды» деп еске алады. Сонымен қатар жауынгерлердің арасында қазақтардың өте көп болғанын айтады.

АТТЫ ӘСКЕРДІ ЖАУҒА ТАСТАП, МАРШАЛДАР ҚАШЫП КЕТКЕН

«Харьков қазанында» 106-атты әскер дивизиясының осылай жоғалып кетуіне кінәлілер маршал Семен Тимошенко, генерал Иван Баграмян (кейін ол да маршал атанды) және Әскери кеңес мүшесі Никита Хрущев пен олар бастаған майдан командашылығының шектен тыс жауапсыз әрекеттері болатын. Харьков түбіндегі жеңіліс туралы Сталинге хабарлағанда, ол мұны жойқын апат деп бағалаған: «Небәрі үш аптаның ішінде ойсыз әрекет салдарынан Оңтүстік-Батыс майдандағы өне-міне дегенше жеңіске жетіп тұрған Харьков операциясында жеңіліп қалғаны былай тұрсын, жау қолына 18-20 дивизияны тастап кетті». Неміс генералы Клейсттің «Бои за Харьков» кітабында: «Ұрыс даласында маршал Тимошенко өз әскерінің бытшыты шыға жеңіліп жатқанын көріп: «Мынау сұмдық қой!», - деп қашып кетті» дейді.

Н.С.Хрущев кейін Украина КСР КП ОК, КОКП ОК Бірінші хатшысы қызметінде болғаны мәлім. Осы тұста билікті өз мүддесіне пайдаланған хатшы жолдас Харьков түбіндегі көптеген бауырластар зиратын жермен-жексен етіп, болған қанды қырғындарды тарих беттерінен мүлде сызып тастауға тырысты және солай етті де. Енді бұл жеңілістер жөніндегі құжаттар қайда деп сұраудың өзі де тым артық.



АЖАЛДАН АМАН ҚАЛҒАНДАРҒА АЗАП БҰЙЫРҒАН

106-дивизияның тұтқынға түскен солдаттарын немістер концлагерлерге қамап, қара жұмысқа салады. Тұтқыннан қашып шығып, қызыл әскер қатарына қайта қосылғандар да болған. Бірақ оларды сатқын деп айыптап атып тастаған немесе айыптылар батальонына жіберген. Ажалдан аман қалғандарына азап бұйырып, ит жеккенге айдалған.

«1942 жылы мамырда ұрысқа кірдік. Қолымызда қылыштан өзге қару жоқ. Сөйтіп жүріп шабуылға шықтық. Содан үш-ақ адам тірі қалдық. Дәл сол күні соғыс қанша адамның өмірін жалмағынын өз көзіммен көрдім ғой. Бұл – тек бір күндегісі ғана. 1942 жылы шілдеде кезекті шабуылға шыққан біз қоршауға түсіп қалдық. Қыркүйекте Шелетовканың төңірегінде 18 мың адам немістердің тұтқынына түстік. «Тұтқындарды Германияға өктемді екен» деген сыбыс шыққан кезде 55 адам қашуға бел байладық. 1943 жылы 20 ақпанда жеті адам тұтқыннан қашып шығып, Қызыл Армияға қосылдық. Соның бірі ақмолалық досым Файыз Ысқақов болатын. Бірақ, 1943 жылы 4 наурызда бізді коммандатураға жіберді... Өз еліміздің түрмесінде азаптап, қинаудың неше түрін көрсетті, сатқын деді. Мені он жылға соттап, Воркутадағы НКВД-ның лагеріне жіберді. Науқастануыма байланысты кейін Қарлағқа ауыстырды. Ақыры 1953 жылы ақпанда үйге оралдым».

Бұл – 106-дивизияның

біраз уақыттан соң шетте келе жатқандармен ауысып, олар да ұйықтап алатын.

Сөйтіп жүргенде тұтқынға түсіп қалдық. 1944 жылы тұтқыннан қашып шықтық. Қызыл Армияға қосылдық. Бірақ көп сарбазды өз әскеріміз атып тастады ғой. Маған «отанын сатқан» деген айып тағылып, лагерге айдалдым. Түрмеден босағаннан кейін де Мұстафа қарттың ешкім маңдайынан сипай қоймаған. Мемлекеттен ешқандай жеңілдік, «ардагер» деген тілдей қағаз да ала алмапты. Тек, бақилық болған соң ғана ақталған.

СОҒЫСТЫҢ «БЕЛГІСІЗ БЕТІ» АШЫЛУДА...

1942 жылы жау қолына өтіп кеткен Красноград қаласы 1943 жылы фашистерден азат етілді. Бұл жолы тағы бір қазақ дивизиясы ерен ерлік көрсетті. Тек, кавалериялық емес, сол Ақмолада құрылған 310-атқыштар дивизиясы еді. Кейін бұл әскери құрам «Красноград дивизиясы» деген құрметті атаққа ие болды.

Міне, Ақмолалық 106-атты әскер дивизиясының да, оның құрамында болған оғандардың да тағдыры осылай болған. Тарих сахнасынан мәңгіге ысырып тастамақ болса да, олардың соңында қалған ұрпақтары аталарының ерлігін еш ұмытпақ емес. Әсіресе, Харьков қаласының тұрғыны, қандасымыз Макка Қаражанова ханым жетекшілік ететін «Қазақ жерлерестер» қоғамы 106-дивизияның тарихын бастан-аяқ зерттеуді қолға алды. Зерттеу жұмыстары



құрамында болған Сыдық Түменбаевтың естелігі. Сыдық ақсақал аталған әскери құрамнан тірі қалған аз ғана жауынгерлердің бірі. Дивизия полкында кіші саяси жетекші қызметін атқарған, әскерге Семей қаласында шақырылған. Сыдық қарияның қаруласы, ардагер Мұстафа Юнусовтың немересі Мәдина Берекова атасының мына сөздерін әрдайым еске алып отырады: «Қолда қару жоқ. Он адамға бір винтовка. Қалған тоғызы өлгі винтовка ұстаған солдат қашан жау оғана ұшқанша соңынан жүгіріп жүреді. Кей солдаттар бес тәулікке дейін ұйқы көрмейтін. Алыс жолға саппен жүргенде ортадағы солдаттар жүріп бара жатып ұйықтайтын,

нәтижесінде 200-ден аса хабарсыз кеткен жауынгерлердің есімі белгілі болған. Сонымен бірге, аталған қоғам мүшелері Харьков облысы, Красноград қаласында даңқты дивизияға әскертік орнату мәселесін көтерген. Адамның құны көк тиын болған Кеңес заманы келмеске кетсе де, сол жылдар зобалаңының ақ-қарасы ажыратылып, көрген қиянаттың тарихи, саяси бағасы әлі толыққанды берілмей келе жатыр. Барлық құпия атаулы әйтеуір бір замандарда жария болары әмбеге аян. Сол күндерге төрт көзіміз түгел жетейік.

Нұрболат ӘЛМЕНОВ,
Көкшетау қаласы (Abai.kz)

АҚСУ АУДАНЫ

ЖЕТІСУ ТӨРІНДЕ ДӘСТҮРЛІ ТУРНИР ӨТТІ

Жетісу облысы, Ақсу ауданына қарасты Қапал ауылында жалпы білім беретін мектеп командалары арасында волейболдан III дәстүрлі облыстық турнир жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мәресіне жетті. Аталған спорттық шара техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, ғылым мен білім саласының көрнекті өкілі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловтың құрметіне арналды.

Турнир 2026 жылдың 5 мамырында «Ғали Орманов атындағы орта мектебі» базасында өтті. Жарысқа ұлдар арасында 10 команда, қыздар арасында 9 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады. Қатысушылар Алматы қаласынан, облыс орталығы Талдықорғаннан, сондай-ақ Ақсу және Ескелді аудандарынан келіп, тартысты ойын өрнегін көрсетті.



Іріктеу кезеңдері бірнеше спорт нысандарында – Ғали Орманов атындағы мектептің спорт залында, «Барыс» спорт кешенінде, Е. Жайсанбаев атындағы орта мектеп пен Қапал кәсіптік колледжінің спорт залдарында өткізілді. Ал финалдық кездесулер

Ғали Орманов мектебінің спорт залында ұйымдастырылды.

Аталған турнирдің жоғары деңгейде өтуіне «Ғали Орманов атындағы орта мектебі» директоры Қуанышбаев Қайыржан Жұмабекұлы ұйымдастырушы ретінде айрықша үлес қосты.



Жарыс қорытындысы бойынша ұлдар арасында I орынды Қапал ауылындағы Е. Жайсанбаев атындағы орта мектеп иеленсе, II орын Қосағаш ауылындағы Абай атындағы орта мектепке бұйырды. Ал III орынды Ғали Орманов атындағы орта мектеп командасы еншіледі. Қыздар арасында I орынды Жансүгіров ауылындағы Е. Сиқымов атындағы мектеп командасы жеңіп алды. II орын Алматы қаласынан келген «VB team Volleyball academy» командасына берілді, ал III орын Е. Жайсанбаев атындағы мектеп командасына бұйырды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы кубоктармен, медальдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды. Атап айтқанда, I орын алған командаларға 50 мың теңге, II орынға 40 мың теңге, ал III орынға 30 мың теңге көлемінде сыйақы табысталды.

Турнирдің ашылу және марапаттау рәсіміне Ақсу аудандық білім бөлімінің басшысы Нурлан Нүсіпбеков, Жетісу университетінің цифрландыру және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, PhD докторы Тимур Жұмағұлов, «Даму бала» үйірмелер платформасының өңірлік директоры Әділет Сейсембеков және ауданның құрметті азаматтары қатысып, жас спортшыларға сәттілік тілеп, жарыстың жоғары деңгейде өткенін атап

өтті. Сонымен қатар, турнирдің құрметті қонағы Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов білім ордасына демеушілік көрсетіп мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында 250 мың теңге көлемінде қаржылай қолдау білдірді.

Бұл турнир – жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттап, бұқаралық спортты дамытуға, сондай-ақ өңір мектептері арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған маңызды шаралардың бірі болып табылады.

Жайнаргүл ЖАҚИЯҚЫЗЫ,
Ғали Орманов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ШЕКАРА

САРБАЗДАР ЕСКЕРТКІШТЕР МЕН АЛЛЕЯЛАРДЫ АБАТТАНДЫРДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты техникалық және кәсіптік даярлау бөлімінің ұйымдастыруымен басқарма аумағындағы обелисктерде, ескерткіштер мен аллеяларда тазалық және жөндеу жұмыстары жүргізілді.



Іс-шараның мақсаты – тарихи мұраларды сақтау, қоршаған ортаны абаттандыру және ескері қызметшілердің жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру.

Жұмыс барысында сарбаздар ескерткіштер мен аллеялар аумағын қоқыстан тазартып, абаттандыру және қалпына келтіру жұмыстарын атқарды. Сонымен қатар, нысандардың сыртқы келбетін ретке келтіру бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Мұндай шаралар өскелең ұрпақтың тарихи құндылықтарға деген құрметін арттырып, қоғамдық орындардың тазалығы мен көркеюіне үлес қосады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

ЦИФРЛАНДЫРУ

«Е-ӨТІНІШ» ПЛАТФОРМАСЫ ЖЕДЕЛ, ОҢАЙ, ТИІМДІ

2019 жылғы 2 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев «Сыңдарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауын халыққа жолдады. Онда азаматтардың барлық сыңдарлы сауалдарына жедел және тиімді жауап беретін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру міндетін қойды.

Қазіргі Қазақстанда «Еститін мемлекет» құру тек ұран емес, мемлекет пен азаматтар арасындағы әділетті және жауапты диалогты орнатуға бағытталған нақты саяси бағытқа айналды. Осы тұжырымдаманың негізгі элементтерінің бірі – азаматтардың өтініштерін қабылдау үдерісін цифрландыру, атап айтқанда, «Е-Өтініш» платформасының енгізілуі.

«Е-Өтініш» – бұл азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін электронды түрде қабылдау, тіркеу, өңдеу және бақылауға арналған ақпараттық жүйе. Платформа арқылы кез келген мемлекеттік органға өтініш, шағым, ұсыныс немесе сұрау салуға болады. Бұл азаматтар мен мемлекет арасындағы байланысты жеңілдетіп, ашық әрі қолжетімді етеді.

- Платформа мыналарды қамтамасыз етеді:
- әрбір өтініштің цифрлық форматта тіркелуін;
 - оның қаралу мәртебесін нақты уақыт режимінде қадағалауды;
 - өтініштің орындалу барысы мен нәтижесі туралы хабарламалар алуды;
 - жауап беру мерзімдері мен сапасына бақылау жүргізуді.

Бұл азаматтарға олардың дауысы естілетініне сенімділік береді, ал мемлекеттік органдар – әрбір өтініш үшін жауапкершілік жүктейтінін көрсетеді. «Е-Өтініш»

платформасы азаматтар мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтуда маңызды рөл атқарады. Ол: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады; өтініштерді қабылдау мен таратудағы адами факторды болдырмайды; мемлекеттік органдар арасында бірыңғай ақпараттық кеңістік қалыптастырады; мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін өтініштердің сипаты мен жиілігін талдауға мүмкіндік береді.

Платформаны кез келген Қазақстан азаматы электрондық үкімет порталы немесе мобильді қосымша арқылы пайдалана алады. Жүйенің интерфейсі түсінікті және цифрлық сауаттылық деңгейі әртүрлі пайдаланушылар үшін бейімделген.

«Е-Өтініш» – бұл жай ғана технологиялық шешім емес, бұл жаңа басқару мәдениетінің бір бөлігі. Ол шағымдарға жауап берумен қатар, проблемалық аймақтарды алдын ала анықтауға, мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға және азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуын күшейтуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Президенті бірнеше рет атап өткен: билік халықтың мұқтажыдығын естіп, түсініп, уақтылы әрекет етуі тиіс. «Е-Өтініш» – осы қағидатты күнделікті өмірде нақты іске асыратын тетік.

«Е-Өтініш» платформасын құру және дамыту – ашық, адал және тиімді мемлекеттік басқаруға жасалған маңызды қадам. Бұл – әділетті Қазақстанды қалыптастыру жолындағы маңызды элемент, онда әр дауыс маңызды, ал әр өтініш – оң өзгеріс жасау мүмкіндігі.

Еститін мемлекет – бұл болашақ емес, бұл бүгінгі күн. Ал «Е-Өтініш» – оның негізгі цифрлық құралдарының бірі.

Л.Р. ЖАПАШЕВА,
Жетісу облысы Талдықорған қаласының мамандандырылған тергеу сотының бас маманы

АЛИМЕНТ

В Республике Казахстан исполнение судебных актов является обязательным для всех граждан и организаций. Контроль за их исполнением осуществляется в рамках Закон Республики Казахстан «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей».

В практике частных судебных исполнителей области Жетісу значительную долю составляет исполнительные производства о взыскании алиментов. Данная категория дел относится к социально значимым, поскольку напрямую связана с защитой прав и законных интересов несовершеннолетних детей. В связи с этим их исполнение находится на особом контроле.

Вместе с тем, при неисполнении судебных решений в установленный срок законодатель-

АЛИМЕНТЫ - ОБЯЗАННОСТЬ, А НЕ ВЫБОР

ством предусмотрен комплекс мер принудительного характера.

При образовании задолженности судебный исполнитель вправе применять меры принудительного исполнения. Среди них — арест банковских счетов должника, обращение взыскания на имущество, а также запрет на совершение определенных действий. В результате должник может быть ограничен в возможности распоряжаться имуществом, совершать сделки, а также обращаться к нотариусу.

Если задолженность по алиментам превышает три месяца, могут применяться дополнительные меры воздействия. В их числе — временное ограничение на выезд за пределы Республики Казахстан и временное приостановление действия водительского удостове-

рения при наличии предусмотренных законом оснований.

За неисполнение судебных актов предусмотрена административная ответственность в соответствии с Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях. По статье 669 КоАП РК возможно назначение административного ареста.

В отдельных случаях, при злостном уклонении от исполнения судебного решения, законодательством предусмотрена и уголовная ответственность в соответствии с УК РК.

Следует подчеркнуть, что применение мер ответственности не освобождает должника от обязанности исполнить судебный акт. Задолженность подлежит обязательному погашению в полном объеме.

Органы принудительного исполнения области Жетісу отмечают, что своевременное исполнение обязательств позволяет избежать применения ограничительных и принудительных мер. В первую очередь это касается защиты прав детей и обеспечения их законных интересов.

В этой связи гражданам рекомендуется своевременно исполнять судебные решения и не допускать образования задолженности по исполнительным производствам, чтобы избежать правовых последствий и дополнительных ограничений.

Салима МАНАТ,
Частный судебный исполнитель исполнительного округа области Жетісу

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Мемлекеттік тіл – ұлттық сананың ең басты кілті, сол себептен бұл мәселе аса маңызды және өзекті болып табылады.

Мемлекеттік тіл ұлттың жан дүниесін, рухани негізін, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгі ретінде қаралады. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – елдің ұлтын сыйлау, мемлекет алдындағы жауаптылығының барын және мемлекетке деген сыйластығынды көрсету деп түсінген жөн.

Қазіргі уақытта сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану аясы біршама өсіп келеді. Оған себеп — мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу мәселесі күн тәртібінен бір сәтке де түскен жоқ.

Жетісу облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған

ауданаралық сотының «Төрелік» ақпараттық жүйесінің статистикалық есебіне сәйкес, 2026 жылдың 4 айында мемлекеттік тілдегі кіріс хат хабарлары 92%, шығыс және ішкі хат хабарлары 100%-ды құрап отыр. Сотпен қаралған істердің 66%-ы мемлекеттік тілде.

Осы бағытта мемлекеттік органдар, адвокаттар мен заңгерлердің қатысуымен сотта семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізілген, мемлекеттік органдарға ескерту хаттар жолданған. Жоғарыда көзделген іс-шаралардан нәтиже бар, себебі қылмыстық істер сотқа мемлекеттік тілде түсіп, сот ісін мемлекеттік тілде қарау көрсеткіші жыл сайын өсіп келеді.

Процестік заңнама талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі түскен

тілде іске асырылады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 30-бабына сай, Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Сот ісін жүргізу тілі сотқа іс берілген тілге байланысты сот қаулысымен белгіленеді.

Іс жүргізіліп отырған тілді білмейтін, немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, оларға қажетті іс материалдарының аудармасын тегін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік тіл мәселесі сотының үнемі назарында.

Тіл мәселесі - біздің бір күндік немесе бір кезеңдік іс-шарамыз емес, тәуелсіздігіміз тұғырлы болу жолындағы негізгі, басты бағыттардың бірі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы, ортақ мақсатқа жетелеуші жол көрсеткіші екендігін әрдайым есте ұстау қажет.

Махамбет МОЛДАБАЕВ,
Жетісу облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

ҚАТАҢ ШАРАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНЫП ЖАТЫР

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейтініне нақты көз жетіп отыр. Оның үстіне, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізіп, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Ендеше, сыбайлас жемқорлықпен күрес мерзімдік науқан емес, яғни уақытша атқарылар шара емес. Сол үшін заң шеңберінен аспай, қоғам дертіне айналған құбылыстың орын алуына жол бермей, алдын алу шараларын қарастырудың маңызы зор. Құқық қорғау органдарына ғана ауырлықты артып қоймай, қоғам дертімен күресуді көп

болып қолға алғанда ғана жақсы нәтиже шығатыны талассыз.

Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі - сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Осыған байланысты қазіргі кезде қоғамның шынайы сеніміне ие болудан артық мәртебе жоқ. Сыбайлас жемқорлық жалпы қылмыспен қатар, Қазақстандағы қоғам және мемлекеттік билік тарапынан ерекше көңіл бөлуді талап ететін мәселе болып отыр. Сайып келгенде, біздің мемлекетімізде бұл әлеуметтік дертпен ымырасыз күрес жүргізіп, тамырына балта шабу мақсатында қатаң шаралар қолға алынып жатыр.

Бүгінгі таңда біздің қоғам күрделі заңдардан тұрады. Өмірдің өзі, қай

нәрседен болмасын заңға жүгініп, жұмыс істеген тиімді екенін көрсетіп отыр. Кейде адамдардың рухани сауатсыздығынан заңсыз істерге жол беріліп жатады. Бұл тұрғыда, әсіресе, қоғам інетіне айналған сыбайлас жемқорлық көпшілікті зар илетіп отырғаны жасырын емес. Осы орайда Президентіміз жыл сайынғы Жолдауында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін арнайы мекемелер мен мамандарға қатаң тапсырмалар беріп, заңсыз іс-әрекеттерге барғандарды қатаң жазалауды талап етіп отырғаны баршаға аян. ҚР азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге

арналған сыбайлас жемқорлық туралы арнайы Заңның талабы бар. Қазақстан Республикасының заңдары барлық жеке және заңды тұлғаларға қатысты. Егер заң шеңберінен шығып, шектен тыс құқық бұзушылықтар орын алатын болса, ол үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза әкімшілік жауапкершілік пен шаралар көзделгені де көпшілікке мәлім. Сонымен қатар, ҚР қылмыстық кодексінде көрсетілгендей, барлық органдар мен лауазымды адамдар өз құзиреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Арман АМАНҒАЛИЕВ,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ПРОИСШЕСТВИЕ

ПЕНСИОНЕРКИ ОТДАЛИ 8,5 МЛН ТЕНГЕ РАДИ «СПАСЕНИЯ ДЕТЕЙ»

В Петропавловске вынесли приговор курьеру телефонных мошенников, из-за которого трое пенсионерок лишились 8,5 млн тенге. Преступная схема была построена на самом страшном — страхе пожилых людей за детей и внуков, которым якобы грозила тюрьма после ДТП, передает Zakon.kz.

Как пишет 5 мая 2026 года издание Qazaqstan Media, на скамье подсудимых оказался 28-летний житель села Бесколь Кызылжарского района Василий Корнилов. Согласно материалам уголовного дела, в октябре прошлого года он искал работу и нашел ее в Telegram.

Неизвестный под псевдонимом «Руслан» рассказал, что действует по отработанной схеме. Преимущественно звонит пожилым женщинам Петро-

павловска на стационарные телефоны, представляется полицейским и пугает, что их родственники стали виновниками тяжелых аварий. Чтобы «спасти» близких от тюрьмы, пенсионерок вынуждал срочно отдать деньги.

По словам Корнилова, «работодатель» предложил ему стать курьером. Он рассказал, что представляет компанию, занимающуюся «легализацией замороженных счетов бывших директоров заводов и фабрик». После отправки фото удостоверения личности «Руслан» созвонился с ним по видеосвязи. В разговоре он не забыл пригугнуть Корнилова. Ведь если курьер попытается украсть деньги компании, к нему придут «свои» сотрудники полиции, у которых «все схвачено».

Подсудимый признал, что суть работы заключалась в получении денег и их переводе через банкоматы. За это ему полагалось 10% от суммы. Чтобы не све-

таться, преступники использовали водители такси, которые забирали посылки с деньгами у жертв и даже не догадывались о их преступном происхождении. Всего за двое суток жертвами мошенников стали три женщины.

Екатерина Перетрухина передала Корнилову через такси 1,3 млн тенге и 300 евро (около 163 тысяч тенге), Нина Крикливая лишилась 1,2 млн тенге и 300 тысяч рублей (около 1,8 млн тенге). А вот к последней жертве Корнилов приехал сам. Татьяна Тропицына передала ему пакет, в котором находились 630 тысяч тенге и 6 тысяч долларов США (около 2,7 млн тенге).

«Но схема начала давать сбой. Как только женщины приходили в себя, они связывались со своими родственниками. Узнав, что с близкими все в порядке и никаких аварий не было, потерпевшие осознавали, что стали жертвами обмана.

После этого они обращались в полицию», - говорится в сообщении.

Корнилова задержали по горячим следам в съемной квартире. При обыске у него изъяли часть похищенных средств. В суде он не признал вину в полном объеме и заявил, что находился в заблуждении относительно законности своей работы. Вот только суд отнесся к его показаниям критически. В деле была их переписка в мессенджере. Там подсудимый обсуждал с сообщником наличие камер видеонаблюдения и необходимость конспирации. Кроме того, он удовлетворил гражданские иски всех трех потерпевших — осужденный обязан возместить им причиненный ущерб в полном объеме. А это 8,5 млн тенге. Приговор в законную силу не вступил. Осужденный уже подал апелляционную жалобу.

К СВЕДЕНИЮ ВОДИТЕЛЕЙ

В АЛМАТЫ СКРЫТОЕ ПАТРУЛИРОВАНИЕ ДОРОГ

В Алматы теперь за соблюдением ПДД следят не только привычные экипажи с проблесковыми маячками, но и полицейские на гражданских автомобилях. О том, как работают такие патрули и какие показывают результаты, в материале Zakon.kz.

Главная цель скрытых патрулей — выявлять опасных водителей, снижать число ДТП и повышать общую дисциплину на улицах города. Такие машины ничем не выделяются в потоке и внешне выглядят, как транспорт обычных горожан. Именно это позволяет правоохранителям наблюдать за поведением водителей незаметно и фиксировать на-

рушения в тот момент, когда они действительно происходят.

В полиции отмечают, что многие автомобилисты меняют манеру езды, как только замечают служебную машину. Кто-то сразу сбрасывает скорость, кто-то перестает резко перестраиваться, а кто-то начинает соблюдать дистанцию только при виде патруля. Однако после того как экипаж скрывается из поля зрения, некоторые снова возвращаются к опасному стилю вождения. Негласное патрулирование помогает выявлять именно такие случаи.

Основное внимание уделяется грубым нарушениям, которые чаще всего становятся причиной аварий. Речь идет

о так называемой «шашечной» езде между рядами, резких перестроениях без необходимости, подрезаниях, опасных обгонах, игнорировании поворотников, несоблюдении дистанции, выезде на встречную полосу там, где это запрещено, и других рискованных маневров.

Работа негласных патрулей организована по маршрутам. Автомобили курсируют по загруженным проспектам, кольцевым дорогам, развязкам и другим участкам, где чаще всего происходят нарушения. Полицейские фиксируют опасные действия водителей на видео и сразу передают информацию ближайшим экипажам патрульной полиции.

После этого машина под прикрытием

продолжает двигаться за нарушителем, чтобы не потерять его в потоке транспорта. Сотрудники сопровождают автомобиль на безопасной дистанции до тех пор, пока рядом не появится патрульный экипаж.

«Когда служебный автомобиль подъезжает к нарушителю и подает сигнал о немедленной остановке, гражданская машина, в которой находятся сотрудники в штатском, продолжает движение. Это делается для того, чтобы водитель не запомнил марку, цвет или номер автомобиля, который вел скрытое наблюдение», — рассказал патрульный полицейский Даурен Есимов.

СТЕНД АТУ

Қ.Қ.ТОҚАЕВ ӘСЕМ ОРЫНБАЙДЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Әсем Орынбай стэнд атудан Алматыда өтіп жатқан Әлем кубогы кезеңінде алтын медальға ие болды, деп хабарлайды [Olympic.kz](http://olympic.kz) сайтына сілтеме жасаған KAZ.NUR.KZ.

Басылымның жазуынша, Қазақстан құрамасы стэнд атудан Алматыда өтіп жатқан Әлем кубогы кезеңіндегі алғашқы медалін жеңіп алған. Әйелдер арасындағы «скит» жаттығуында Әсем Орынбай топ жарып, ел қоржынына алтын медаль салған. Финалда қазақ спортшысы 33 ұпай жинаған. Осы нәтижемен Әсем Орынбай биыл тағы бір қазақ спортшысы Адель Садақбаева тіркеген әлем рекордын қайталаған.

Күміс медальді 30 ұпаймен қытайлық Итин Цзян еншілесө, Италия өкілі Мартина Бартоломей 27 ұпаймен

үздік үштікті түйіндеген. Айта кетейік, Алматыдағы Әлем кубогы кезеңі 4 мамырда басталды. Жарыс Александр Асанов атындағы ату клубында өтіп жатыр және 11 мамырға дейін жалғасады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әсем Орынбайды Алматыдағы стэнд атудан Әлем кубогы кезеңіндегі айқын жеңісімен құттықтады, деп хабарлайды [Zakon.kz](http://zakon.kz).

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әлемдік рекордты жаңартып, жеңіс тұғырына көтерілген спортшы асқан шеберлік танытқанын атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, Әсем Орынбайдың Әлем кубогы кезеңіндегі, сондай-ақ Азия чемпионаты мен Азия ойындарындағы табысты өнері елімізде нысана кездеу спортшының даму деңгейі жоғары екенін көрсетеді.

МАРАПАТ

«ЖЕТІСУ» ВОЛЕЙБОЛ КЛУБЫНА - 25 ЖЫЛ

Жетісу облысында «Жетісу» волейбол клубының 25 жылдығына орай және ерлер мен әйелдер командаларының 2025–2026 жылғы маусымда жоғары нәтижелер көрсетуіне байланысты волейболшыларға құрмет көрсетілді. Іс-шараға келген жас спортшыларға клуб ойыншыларының қолтаңбасы қойылған 1 мыңдай доп таратылып, мастер класс ұйымдастырылды. Клуб мүшелерін облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтап, марапаттар тапсырды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Облыс әкімі М.Адрышевке орден тапсыру сәті

Талдықорғандағы «Жастар» Спорт сарайында өткен салтанатты шараға волейболдан ерлер мен әйелдер командалары және қосалқы құрамдары, спорт ардагерлері, түрлі халықаралық турнирлердің жеңімпаздары, жас спортшылар – жалпы саны 1500 адам қатысты. Спортшыларды мерейлі жылмен және жеңістерімен облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады. Ол «Жетісу» әйелдер командасының осы маусымда оныншы мәрте чемпион болғанын, ал ерлер командасының ел чемпионатын, Кубогы мен Суперкубогын ұтып алғанын тілге тиек етіп, барлық клуб мүшелеріне алғысын жеткізді. Сол сияқты болашақ спортшыларды тәрбиелеу ісіне де назар

аударды.

- *Биылғы кездесудің мән-мағынасы тіпті терең. Себебі осы жылы кәсіби «Жетісу» волейбол клубының құрылғанына 25 жыл толып отыр. Бұл кезең жарқын жеңістерге толы болды және өз ісін адал атқаратын мықты тұлғаларды қалыптастырды. Осы уақыт ішінде «Жетісу» клубы өңіріміздің спорттық мақтанышына, чемпиондар мектебіне және жүйелі дамудың айқын үлгісіне айналды. Біз тек командалар дайындап қана қоймаймыз, біз жыл сайын бәсекеге қабілетті спортшыларды тәрбиелейтін жүйе қалыптастырып отырымыз. Біз алдағы уақытта да спортшыларды дайындауға қолайлы*



Ерлер командасы



Қыздар командасы

жағдай жасап, инфрақұрылымды жаңғыртып, кәсіби клубтар мен балалар мен жасөспірімдер спортын қолдауды жалғастырамыз. Біздің мақсатымыз - болашақ чемпиондардың туған жерінде өсіп-өнуі, - деген Б. Исабаев мұнан соң марапаттау рәсімін атқарды. Атап айтқанда, «Жетісу» волейбол клубының бас жаттықтырушысы Марат Адрышевке «Құрмет» ордені, «Жетісу» ерлер командасының ойыншысы Айбек Жақсылықовқа, әйелдер командасының ойыншысы Валерия Якутинаға Президенттің Алғысы және төсбелгісі, сол сияқты клубтың бірқатар мүшелеріне Президенттің Алғысы, облыс әкімінің Алғыс хаты берілді.

Марапатталушылар атынан сөз алған клубтың бас жаттықтырушысы Марат Адрышев: «Бізге берілген марапат үшін шын жүректен алғыс айтамын. Бұл біз үшін үлкен мәртебе және болашақта жаңа жеңістерге жетуге қуат береді.

Маған сенім артқан басшылыққа, қолдау көрсеткен ұжымға рақмет. Бұл – біздің ортақ жеңісіміз», - деді ол.

Осы басқосуда жас спортшылар клуб жаттықтырушылары мен ойыншыларына өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, өзара ой алмасты. Кездесу соңы Д. Рақышев атындағы облыстық филармония әншілерінің мерекелік концертімен түйінделді.

Еске салсақ, 2025–2026 жылғы маусымда «Жетісу» волейболдан әйелдер командасы ел чемпионатының оныншы мәрте чемпионы атанды. Сол сияқты жуырда Тайландта өткен Азия клубтық чемпионатында қола жүлдеге ие болды. Ал волейболдан ерлер командасы ел чемпионы атанды, оған қоса Кубокты және Суперкубокты жеңіп алды.

Суреттерді түсірген Дмитрий Ерофеев.

КҮРЕС

ҚОРЖЫНЫМЫЗДА ҚОС МЕДАЛЬ

Қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада жеңімпазы, әлем чемпионы, Қазақстанның Еңбек Ері атағына ие болған даңқты балуанымыз Жақсылық Үшкемпіровты еске алуға арналған 15 жастағы жасөспірімдер арасында Семей қаласында халықаралық турнир өтіп, еліміздің түпкір түпкірінен балғын балуандар бас қосып, жүлделі орындарды сарапқа салды. Бұл байрақты бәсекеде қазақтың қаһарман ұлының аты берілген Талдықорған қаласындағы «Ж.Үшкемпіров атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқушылары Ернұр Ерланов 48 келі салмақта боз кілемге шығып, қарсыластарын алып та жығып, шалып та жығып, тек алтын медаль үшін ақтық бәсекеде ғана қарсыласына жол беріп қойды. Сөйтіп, жеңіс тұғырының екінші сатысына көтеріліп, күміс медальмен марапатталды. Ал, оның командалас досы Марғұлан Нұрбопа 62 келі салмақта белдесіп, қола медальға ие болды. Сөйтіп, балғын балуандарымыз қос медаль алып қайтты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ



КЕЛБЕТ

ТЫРНАҚТЫ ГЕЛЬ-ЛАКТАН СОҢ ҚАЛАЙ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ БОЛАДЫ?

Қазір тырнақты боятып, сол қалпында 3 апта бойы жүруге мүмкіндік беретін ең ыңғайлы әдіс – гель-лак. Бұл процедуранан соң қолыңыз ұзаққа дейін күтімді көрінеді, ал лак келесі күні кетіп қалмайды. Бірақ гель-лақтың өз кемшіліктері бар. Кей адамдарға ол, тіптен, келмеуі мүмкін: мысалы, тырнағыңыз жұқа және сынғыш болса, онда гель-лаппен мұқият болу керек. Гельді қаптаманы дұрыс алмау да тырнақты құртып жіберуі мүмкін. Оны салонда емес, үйде өзіңіз алған кезде сондай жағдай жиі орын алады. Гель-лақты алғаннан кейін тырнақтың өте әлсіз болып кеткенін байқайсыз. Оны қалай қалпына келтіруге болады?

Қатайту

Гель-лақты алу кезінде тырнақтың беткі қабаты кесіледі. Ал ол – тырнақтың қорғаныш қабықшасы. Сондықтан тырнақ жұқа, сынғыш бола түсіп, қабыршақтануы мүмкін. Оны болдырмас үшін тырнақты арнайы құралмен қатайту керек. Ол емдік лактар, биогельдер немесе дәрумендері бар арнайы сарысулар болуы мүмкін. Емдеу кезінде тырнақты басқа лактармен боямай күте тұрыңыз.

Ванна жасау

Емдік ванналар тырнақты қажетті

дәрумендермен қанықтырады және оған қалыпқа келуге көмектеседі. Оған теңіз тұзын, А және Е дәрумендерін, эфир майларын қосыңыз. Су міндетті түрде жылы болуы керек, пайдалы заттар бұға ұсталынған теріге жақсырақ сіңеді. Мұндай ваннаны аптасына екі рет жасау керек.


Сірқабыққа күтім жасау

Бүкіл тырнақ саулығына көп жағдайда сірқабық жағдайы әсер етеді. Сондықтан оны жүйелі түрде ылғалдандыруды ұмытпау керек. Оны тек тырнақты емдеу кезінде емес, жалпы пайдалы

әдетке айналдырған жөн. Бұл мақсатта Е дәрумені негізіндегі түрлі арнайы майлар жақсы келеді. Оны тек сірқабыққа жағып, ұқалау жеткілікті.

Парафиндік терапия

Парафиндік терапия тырнақтарды емдеп қана қоймай, қол терісін құнарландырып, қартаю процесін баяулатады. Бұл процедураны салонда да, үйде



де жасауға болады. Қыздырылған парафин тырнақ пен теріні қажетті микроэлементтермен қанықтырады.

Немістің ұлы ақшын	Қазақ қыз есімі	Аяғы ауыр	Ердің жасы	Қаңғыру (син.)	Ешкі	Европа өзені	Шарап түрі	Жеміс түрі	Майлазия қаласы	Ауру (син)	Байзақов	Халва	Улы бақа	Сот қағазы	Сирия астанасы
Жалған	Сұрақ	Сөлем!	Сырым өкесі	Жеңу (син.)	Авиация бомбасы	Бас нота	Шіркеудің өкілі	Ресей қаласы	Телеарна	Ататек: Тайпа	Өте (син)	Саяхатшыларға жол көрсетуші	Сот қағазы	Сирия астанасы	
...-бері	Сұрақ	Сөлем!	Сырым өкесі	Жеңу (син.)	Авиация бомбасы	Бас нота	Шіркеудің өкілі	Ресей қаласы	Телеарна	Ататек: Тайпа	Өте (син)	Саяхатшыларға жол көрсетуші	Сот қағазы	Сирия астанасы	
Ушақ маркасы	Ауыр жаза	Жалау	Байла (син)	Кофе сорты	Өнер	Экрандағы жазу	Аблаев (өңші)	Күйші әйел	Жылан түрі						
Доптың сырт кетуі	Үнемі (син)	Түркия қаласы	Орыс сусыны	Қытай ілімі	М.Ералиева	Валентин ... (ресей актері)	Кісі есімі	Қысқы киім	Белоруссия	Геометриялық дене	Теңіз	До, ... ми	Жабық		
Пассив емес	"... рулем"	Балалы әйел	Қырғыз қаласы	Арыстан ...	Шипа (син)	"Алтын сақа", "Кереметті Кеңдебай"	Көршінің хызы жермет ... (өң)								
Санди-... газеті	Жеміс ағашы	Сан	Испантияны	Шоу-... (КТК хабары)	Жағалау (син)	Бразилия ақшасы	Судьбы (фильм)	Қаратпа сөз	Оқ	Қос (син)					
... Жолдасбеков	Машина майы	Үстемеле	Куыршақ театры												
Кен орны	Қамыс	Суреттер галереясы	Жаңбыр нөсері	Үй жиһазы	Испания футбол клубы										
... Далап	Шендестіру (орыс)	Қалтарыс	Езгіле (син.)	Түк жоқ	Кепілдеме (орыс)	Қабырға шамы	Африка өзені	Еріп жүру (син)	... есе						
Ер қанаты ...	Сыыр бабасы	Халық (син)	Алексей (жысқ)	Үйрену	...-зугу	Жартылай (син)	Қорек	Тышқан үйі	Дүгіршек (орыс)	Қуат (син)	Ауа-....				
Аяқ буыны	Аяқ бөлігі	Мен, ... ол	Тараздың ескі аты	Нью-... Үндістан бұқасы	Үлкен шеше										
АХАЖ (ор.)	Жаңа жыл сөні	Бұрынғы ТМД	Бұрынғы ТМД	Ескіше "қала"	...-жіп	Окоп (қаз)	Жалғамын ат	Авраам ... (ресей өңшісі)	Тор (син)	Тана	Жапон ақшасы	Ақсқат (син)			
... Дедалұлы	Атқару	Айт алды	... порт	М/Ф аюы	Телеарна	Балалы ер	Кем (син)								
Азия мемлекеті	Аяқ бөлігі	... Сунанин	Қатар (син)	Алақай (орыс)	Мұншер	Ауыр машина	Ресей қаласы	Кір (син)							
	Ату ойны	Құжат	Ресей қаласы	Жанармай	Автобус маркасы	Парсы патшасы									
	Танк маркасы	Неміс физигі	Бивьен ... (актриса)	Гүл ыдысы	Көлік түрі	Сұраулық шылау	Мотоцикл маркасы	Кеңес армиясы	Мал өнімі						
Ауқат	Үшінші адам	Темір таға	Өскери машина	Муз... (муз. топ)	... есім	Қуат бірлігі									
... Мур (актриса)	Шоколад маркасы														

Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Құрылтайшы: **Ырым КЕНЕНБАЙ**

Баспахананың директоры **Бақберген ТУКИБАЕВ**

Бас редактор **Баян ТАҢАТАРОВА**

Редакция алқасы:

Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Дария ТАСҚЫНҚЫЗЫ – журналист-корректор

Кезекші редактор: **Г. БАЙМҰХАН**



Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Оффсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Талсырыс № 453

Индекс 15534



Меншік иесі
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ